



№3 (153), 2021
(Наурыз-Март)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

М. ИСМАЙЛОВА

Әл-Фарабидің тәрбиелік идеяларының өзін-өзі тану сабақтарында
қолданылуы.....3

Э. ЖАКУПОВА

Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру
жолдары6

Г. КАЗАХОВА

Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру
тәжірибесі9

А. РАХМАНБЕРГЕН

Алаш қайраткері М. Дулатов идеялары негізінде жоғары сынып
оқушыларының өзіндік тұлғасын қалыптастыру13

А. ӘЖІБАЕВА

Өзін-өзі тану сабақтарында аутотренинг жаттығуларын қолдану
тиімділігі.....16

М.П. КАБАКОВА

Психологический анализ феноменов супружества и отцовства
у казахов.....20

Ұ. ҚЫЯҚБАЕВА, Б. АУБАКИР

Көркем шығармалар арқылы балалардың танымдық
қызығушылығын қалыптастыру25

Г. ЖОЛДЫБАЕВА

Арнайы мектеп оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің
этнопедагогикалық негіздері29

Д. САЗАНБАЕВА

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық үрдісін дамыту33

Б. ТАҒАЕВ

Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың кісілік келбетін
қалыптастыру тәжірибесі36

Г. ШАМШАДИН

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін
арт-технологиялар арқылы дамыту39

Б. АЙТБАНОВА

Бала қорқынышы жайлы бірер сөз43

Б. СИХОВА

Оқушыларды тестілеуге тиімді дайындау ұсыныстары44

А. АБДРАХМАН

Оқушыларға арналған психологиялық топтық тренинг46

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.

ҚР Байланыс

және ақпарат

министрлігінде

қайта тіркеліп, №10964-Ж

куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

11. 03. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print

House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция
алқасының төрағасы, психол. ғ. д.,
проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф.
(Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар
редакцияның пікірін білдір-
мейді. Фактілермен мәліметтердің
дұрыстығына авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдардың
стильдік қателіктеріне редакция
жауап бермейді. Қолжазбалар мен
фотосуреттер рецензияланбайды және
қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не
отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достовер-
ность фактов и сведений в публи-
кациях несут авторы. Рукописи и фото-
снимки не рецензируются и не возвраща-
ются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Минис-
терстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 11. 03. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Әл-Фарабидің тәрбиелік идеяларының өзін-өзі тану сабақтарында қолданылуы

М. ИСМАЙЛОВА

«Өзін-өзі тану» пәні арқылы жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз.

С. Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының алға қойған мақсатының өзі ерекше. Себебі өзін-өзі тану баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзгелердің талқы-талдауына тәуелді болмауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді. «Өзін - өзі тану» пәнін оқытудың негізгі шарттары:

- Мектепте сүйіспеншілік, сенім, шабытты шығармашылық, өзіңді-өзің зерттеу, өзіңді түйсікпен ұғынуды дамыту атмосферасын құру үшін жағдай жасау;
- Рухани-адамгершілік білім беруді мектептің тұтастай педагогикалық үдерісімен ықпалдастыру;
- Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде тек қана позитивті және ізгі әдістерді қолдану қажеттілігі.

Бағдарламаны жүзеге асыру қағидаты:

- Гуманистік бағыттағы қағидаттар;
- Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидаты;
- Әлеуметтік ынтымақтастық қағидаты;
- Ұлттық рухани мұра қағидаттары;
- Табиғи жас ерекшеліктеріне сай қағидаттардан тұрады.

Өзін-өзі тану пәнінде жалпы адамзаттық құндылықтар ақиқат, дұрыс әрекет тәрбиесі, ішкі тыныштық, ұстаз ұлағаты, қиянат жасамау сүйіспеншілік деп бөлінеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани-адамгершілік қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру, жақсылыққа үйрете білу аса маңызды. Өзін-өзі тәрбиелеу – адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті. Тұлғаның қоғамдық сана-сезімінің дамуының белгілі бір сатысында, адам өзінің жеке басы үшін тек сыртқы мақсаттарды ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын да түсінеді. Ол өзіне-өзі тәрбиенің субъектісі ретінде қарай бастайды. Өзінің тұлға ретінде қалыптасуы, оның жеке белсенділігінің мүмкін еместігін түсіне бастайды. Өзін-өзі тәрбиелеу тәр-

бие процесінің құрамды бөлігі және тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы ең маңызды күш болып саналады. Осы орайда өзін-өзі тану сабақтарында әл-Фараби идеяларын қолданудың маңызы ерекше.

Әбу Насыр Әл-Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық ізденістері мен ойлары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Ол – адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады. Ұстаздың айтуы бойынша адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Философ, математик, астроном, музыкатанушы – әл-Фарабидің тәрбие туралы ойларын осы мақала негізінде талдау жасағанды жөн көрдік. *«Тәрбие – парасаттылықты тудырады. Тәрбиесіз адам кесірлі нәрсені жағымды деп біледі, ал тәрбиелі адам тек ізгілікті ғана жағымды деп біледі.*

Заң – ізгілікке қарай жол, олай болса, заң шығарушы тәрбиені күшейтуге ат салысуы керек». әл-Фараби Платонның *«Заңдарының мәні»* атты трактатында заңдар қоғамдық қатынастарды реттей отырып, мемлекеттің азаматтарын тәртіп пен бірге өмір сүру ережелерінің рухына сай тәрбиелеу сияқты азаматтық ілім үшін маңызды проблеманы қозғайды.

Әл-Фараби ойларына тоқталсақ:

– «Адам ізгілікті, әсемдікті, адамгершілікті, ұлылықты басқа нәрседен емес, рухтың іс-әрекетінен алады, адам рухын тәрбиелеу арқылы кемелдікке және ізгілікке қол жеткізеді»;

– Рух – әрі сезім арқылы қабылданатын нәрселердің және идеялардың себептерін ұғынуға ұмтылады.

– Егер қала шынайы сүйіспеншілік, толық тәрбиелілік, кемелденген ақылмен рәсімделмесе, ол ыдырауға және құлдырауға ұшырайды, ал егер оған бұл үш (қасиет) махаббат, парасаттылық, ынтымақтастық серік болған жағдайда, ол әйтеуір соңында ізгілік пен бақытқа жолығады;

– Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі ілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады;

– Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту;

– Игілік, байлық атаулы – өткінші дүниенің, пәнидің ғана өлшемі, ал ізгілік бақыт ұғымдары – мәңгіліктің бақилықтың жолы;

– Адам баласын достыққа, адамгершілікке шақыра отырып, адамзат баласын мұрат-мақсатына жеткізуді көздеді;

– Адамдар бір-бірімен келісіп, тіл табысып отыруы керек;

– Мінез – жанның айнасы. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Тәлім дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктермен өнерлерді дарыту деген сөз. Тәлім тек сөзбен іске асырылады,

ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекеттер жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, сөйтіп, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамның жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді. Ал бірдеңе жасау тілегі кейде сөз арқылы, кейде іс-әрекет арқылы қоздырылады. Әл-Фараби тәрбиені екі топқа бөлді: бір тобы тәрбиеге өз еркімен көнетін адамдарды тәрбиелейді, ал екінші тобы күштеп тәрбиелеуге келетіндерді тәрбиелейді.

Әл-Фараби тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады. Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде педагогика ұғымы болмағаны белгілі. Алайда ол оқу-ағарту мен тәрбие туралы, еңбек мәдениеті туралы ілім жасады. Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Олардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады, - деген болатын. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда ол Аристотель негізін салған теорияның анықтамасына сүйенеді. Әл-Фараби еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екенін атап көрсетеді. Ол ең алғаш еңбекті, *таза еңбекті, адал еңбекті* тәрбиенің алғышарты етіп алады. Әл-Фараби жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды, ұстазды өте жоғары бағалаған.

Әл-Фарабидің тәрбие туралы еңбектерін саралай келе: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - деген сөзін үнемі жадымызда сақтап, өмірімізде басшылыққа алуымыз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабылова А.С. Әбу Наср әл-Фараби және араб-мұсылман философиясы: оқу құралы / А.С. Қабылова; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2004.
2. Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20-томдық / [құраст. Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева]. - Астана: Аударма, 2005. 3-том: Әл-Фараби философиясы. - 494, [2] б.

Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру жолдары

Э. ЖАКУПОВА

Қазіргі таңда ерте жастан балалардың әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бала өмірінің алғашқы үш жылы – оның дамуының өте маңызды және жауапты кезеңі. Баланы әлеуметтік дағдыландыру процесі отбасынан басталады. Еліміздің мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде ерте жастан дамыту кезеңі баланың туғаннан үш жасқа дейінгі уақыт аумағын қамтиды. Осы жас кезеңі – баланың қиялдауы, қарым-қатынасқа бейімделуі, өзінің іс-әрекетін ұйымдастыра білуі сияқты қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы (сензитивті) кезең. Мектепке дейінгі кезеңде баланың *зияткерлік, тұлғалық, эмоциялық* қабілеті дамиды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты осы жас кезеңіндегі балалардың тұлғалық қабілеттері мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

ЮНЕСКО анықтамалығында «кіші жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту – баланың өсуіне, дамуына, денсаулығына, тамақтануы мен гигиеналық талаптардың сақталуына тікелей ықпал етуші процесс. Мектепке дейінгі ерте білім беру баланың дүниеге келген сәтінен бастап, оның бастауыш мектепке баруына дейін танымдық-сөйлеу, физикалық, әлеуметтік-тұлғалық және көркем-эстетикалық дамуына ықпал етеді» – деп көрсетілген.

Ерте жас (1 жастан 3 жасқа дейін) – өмір сүрудің ең маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңнің психологиялық ерекшелігі бала өзін қоршаған ортада сезіну, өзінің іс-әрекетін басқа адамдармен салыстыру, баланың психикалық дамуы ассимиляциясы ғана емес, әр түрлі әрекеттер, психикалық процестер мен қасиеттерді қалыптастыру және орындау. Баланың әлеуметтік дағдылану көрсеткіштері: *баланың балалар қоғамына өну мүмкіндігі; баланың басқа адамдармен бірге әрекет ету қабілеті; әлеуметтік нормаларды сақтау және оған бағыну мүмкіндігі; баланың өз қалауын бақылау қабілеті және т. б.* болып табылады. *Дағды* (ағылш. skill) - стандартты әрекетті орындау, реттеу, қамтамасыз ету және жеке тәжірибеде қалыптастыру. Бала дағдылану арқылы іс-әрекетті меңгереді. *Дағды* мақсатты және жүйелі әрекеттерді қайталау, жаттығу нәтижесінде қалыптасады. *Дағдылану* бірнеше факторларға байланысты: *іс-әрекетті бірнеше рет қайталау; жеке тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктері; дағдыларды игеру себептері* болып табылады. Ерте жаста төмендегідей әлеуметтік коммуникативтік дағдылар қалыптасады:

- Айналасындағы адамдармен қарым-қатынас (сөйлеу дағдылары, қажеттілік қарым-қатынас, тыңдау қабілеті және т.б.);
- Өз эмоцияларын басқара білу (өз эмоцияларын түсіну, айналадағы адамдардың жағдайы мен эмоцияларын сезіну, жанжал жағдайларын шешу және т.б.);

- Әдептілік көрінісі (дәстүрлер мен қоғамдық мәдениеті, белгіленген тәртіп ережелерін сақтау).

А.С. Роньжин топтық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру бағдарламасын ұсынды. Ойын балалардың ынтымақтастық, коммуникативтік, психологиялық, әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына бағытталады. Ерте жастағы балаларды дамытуда ойын әдістері мен формалары маңызды және тиімді. Ойын арқылы бала айналасындағы әлемді таниды, әлеуметтік қарым-қатынас, басқа адамдармен өз қарым-қатынасын тәжірибе барысында игереді. Баланың дамуын бағалау үшін оның бірнеше дағдыларды меңгеру дәрежесін анықтауымыз керек:

- *Қозғалыс (немесе моторика)* – ұстап тұру, басқару, қайда қою керек;
- *Әлеуметтік* – тәрбиешіден, ата-анадан көмек немесе мақтауды күту;
- *Танымдық*- ойлау қабілетін дамыту;
- *Эмоционалды*- ашуланбай айтқанды орындау, жетістікке жетуге ұмтылу.

Балалардың жас даму жолдары психологиясы және педагогикасы саласында төмендегідей бағыттар бойынша дамиды:

- Пәндік іс-әрекетті дамыту;
- Ересектермен қарым-қатынасты дамыту;
- Танымдық белсенділігін дамыту;
- Сөйлеу қабілетін дамыту;
- Ойынды дамыту;
- Құрдастарымен қарым-қатынасын дамыту;
- Күш- жігерін дамыту;
- Шығармашылық-эстетикалық қабілетін дамыту;
- Тұлғалық қабілетін дамыту.

Әлеуметтік дағдылар – достық қарым-қатынасқа, кез-келген ортада жайлы сезінуге, ізге ниет орнатуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, өмірге бейімделуге үйретеді. Ерте жастағы балалардың бейімделуі келесі компоненттер бойынша анықталады: *эмоционалдық, мінез-құлықтық және физиологиялық. Әлеуметтендіру* – коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды қамтиды: *Коммуникативтік дағдылар: Вербалды* (әңгімелесу, тыңдай білу, сұрақ қою, талқылау, тұжырымдау); *Вербалды емес* (мимика, жест, тембр және т.б.).

Әлеуметтік дағдылар: Ересектер мен достары арасында өз сезімдері мен эмоцияларын білдіру; қарым-қатынас жасау қабілеті; түрлі эмоционалдық жағдайын реттеу; жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Ерте жастағы балаларда әлеуметтік дағдылану ойын іс-әрекеттері арқылы *ойын жаттығулары, сюжеттік, имитациялық, дамыту ойындар* арқылы бірге ойнау дағдылары қалыптасады.

Қазіргі педагогика ғылымының маңызды мәселелерінің бірі мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру болып табылады. Әлеуметтену жолдары балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Белгілі ғалымдар Д.Б. Эльконин, Л.А. Венгер, А.П. Усова «*әлеуметтік дағдылар* – әлеуметтік – тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникациялық дағдылар негізінде қалыптасады. Әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар күнделікті іс-әрекеттерге бейімделіп, өзіне-өзі қызмет көрсету процесі арқылы жүзеге асырылады. Баланы тазалыққа, гигиеналық ережелер-

ді сақтауға, тамақтану кезінде мәдени әрекет етуге, киім тәртібін сақтау, өзіне күтім жасауға үйрету әрекеттері және т.б. іс-әрекеттер арқылы әлеуметтік-тұрмыстық дағдылар қалыптасады. Ал пәндік-дамытуда әлеуметтік орта маңызды рөл атқарады. Балаларды толыққанды дамыту үшін балаға әлемді толық қабылдауға жағдай жасау қажет. Ерте жастағы балалар тобында пәндік-дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс-әрекет түрлерін танымдық және нәтижелі іс-әрекет, заттық және сюжетті-бейнелі ойындарды іске асыру үшін қажетті жағдай болып табылады. Ерте жастағы балалардың режимдік процестер мен ұйымдастырылған оқу қызметінен бос уақыттарының барлығы дербес іс-әрекетпен толықтырылуы қажет.

К.Д. Ушинский: «Егер адам бос уақытында не істерін білмесе, онда оның басы да, жүрегі де, адамгершілігі де жойылады»- деп жазған. Бос уақытты ұйымдастыру қызметін бір-бірімен байланысты шартты топтарға бөлуге болады. Т.А. Юзефовичус: «Баланы дамытуға бағытталған сауықтыру, білім беру, тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету, таза ауада демалу, дене шынықтыру, мәдени іс-шаралар өткізу, саяхатқа шығу, іскерлік ойындар мен тәрбиелік іс-шаралар жүргізу керек» деген болатын.

Балалардың бос уақытын өткізу функцияларына: *өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, компенсаторлық, тәрбиелік, азартушылық, рекреациялық-сауықтыру, терапиялық* іс-әрекеттер жатады. Ал бос уақыт педагогикасы принциптеріне: *қызығушылық принципі, бірлескен іс-әрекет принципі* жатады. Балалардың бос уақытын төмендегідей түрлерге бөлеміз:

- *пассивті* (көру, есту) және *белсенді* (іс- әрекеттік);
- *ұйымдастырылған* (бос уақыт педагогикалық мақсатқа сай ұйымдастыру) және *табиғи* (өздігінен бос уақытты пайдалану процесі);
- *бақыланатын және бақыланбайтын;*
- *жеке және топтық;*
- *еліктеушілік және шығармашылық;*
- *жетістік және нормативтік.*

Ойын – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттерін қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ұлы педагог А.С. Макаренко ойынға үлкен мән бере отырып, өзі басқарған мекемелерінде ойынды тәрбиеленушілер өміріне міндетті түрде енгізіп отырды. «Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін қамтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді», - деп қарастырған.

С.А. Шамаков ойынның төмендегідей басты бағыттарын ұсынды: *іс-әрекеттік, шығармашылық, эмоционалдық, коммуникативтік* деп бөліп қарастырды. Қорыта келе баланың әлеуметтік дағдыларын ерте жастан дамытуда маңыз-

ды іс-әрекет түрлеріне: қарым-қатынас, қозғалыс, ойын, еңбек, құрастыру, бейнелеу, т.б. жатады. Олай болса, мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу ұйымдарында аталмыш іс-әрекет түрлеріне дағдыландыруға бағытталған іс-шаралар тиімді ұйымдастырылып, саналы ұрпақ, сапалы білім беруге тиістіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шмаков С.А. Игры шутки – игры минутки.- М.: Новая школа, 1996. - 112 с.
2. Макаренко А.С. Тәрбие туралы лекциялары. - Алматы, 1968.
3. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. - Алматы, 1976.

Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру тәжірибесі

Г. КАЗАХОВА

Білім берудің мақсаты – оқушыға белгілі бір біліммен қатар рухани, адамгершілік тұрғыдағы тәрбиелеу. Өзін бағалау – адамға басқалардың беретін бағасына қарай қалыптасады. Адам өзін айналасындағылардың пікіріне қарай өзін-өзі бағалауға бейімделеді. Өзіндік бағалау өзіндік сана сияқты әлеуметтік жағдайларға негізделеді. Өзін-өзі бағалау – адамның өзінің сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіншілігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі. Өзін-өзі бағалау адамның айналасындағылармен қарым-қатынасын, өзіне сын көзбен қарау, талап қоя білуін, жетістікке, сәтсіздікке қалай қарайтындығын көрсетеді. Оқытуды бағалау – кез келген білім беру жүйесінің қажетті және маңызды элементі болып саналады. Өзін-өзі бағалауға тән басты белгілер: диагностикалық мақсат қоюшылық; нәтижелілік; үнемділік; жүйелеу; реттілік; жобалаушылық; біртұтастық; басқарушылық; реттеушілік. Белгілі ғалым Н. Мудрик «... егер адам жас кезінде талдау және өзін-өзі талдау сияқты дағдыларды игермесе, онда оның кейін игеріле қоюы қиынырақ. Содан барып ол дүниені және өзін-өзі тануға тым нашар бағдарланады. Онда дүниенің бейнесі де, өзінің тұлғалы және өзінің дүниемен өзара қарым-қатынасы жөніндегі түсінігі де қалыптаспайды» дейді. Ал В.С. Мухина «6-7 жаста қабылдау процесі өзінің алғашқы сипатынан өзгеріп, ол перцептивті және эмоционалды болып жіктеледі. Қабылдау процесі біршама мағыналы, нақты объектіге бағытталған, талдауға қабілетті болады. Қабылдауда ерікті әрекеттер байқала бастайды, мәселен бақылау, қарастыру, іздеу. Бұл кезеңде қабылдаудың дамуына сөйлеу процесі өте көп ықпал етеді, яғни бала көрген, қабылдаған заттарын атап, оның түсің, көлемін басқа да қасиеттерін айтып, осылайша қабылдау процесі белсенді сипатқа ие болады. Мұндай қабылдау заттар мен құбылыстарды жақсы, жан – жақты

түсінуге себепші болады» деп түсіндіреді. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы *көрнекі – іс-әрекеттік формада* болады. *Өзін - өзі бағалау* оқушының оқу танымдық әрекетінің бағыттылығына қол жеткізеді, себебі оқу-танымдық әрекет кезінде оқушы өзіне қоятын талаптарды да реттеп отырады, оқу әрекеті барысындағы өзін-өзі бағалаудың құрылымы өзіндік әрекеттің мақсатын айқындау, оқыту нәтижелерімен оған қол жеткізу жолдарын анықтау, өзіндік іс-әрекетті жүзеге асырудан алынған нәтижелерді оқыту нәтижелерімен салыстыру, орындалатын іс-әрекет барысын бағалау, жіберілген қателерді анықтау, оның себептерін ашу, өзін-өзі бағалау негізінде жұмысты түзету, әрекет жоспарын нақтылау, жетілдіру, қорытындылау деп аталатын бірнеше буыннан тұрады. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы мұғалімнің бағалауымен сәйкес келуі керек, ал бұл – оқушы мен мұғалім арасындағы баға жөніндегі ынтымақтастықты қажет етеді, яғни бір сөзбен айтқанда, бағаны екі жақты келісім арқылы қою. Сонда ғана бағалауда бірізділік және жан-жақты қарастырылған бір бағытқа бағытталған бағалау жүйесі болады.

Оқушылардың бірін-бірі бағалауы – бағалауды үйретудің толыққанды әдісі болып табылады. Сонымен қатар өзара бағалау қатысушыларға оқытылған материалды бір-бірінің жұмыстарын бағалау әдісімен бекітуге мүмкіндік береді. Бірін-бірі бағалаудың артықшылығы – оқушылар басқалардың жұмыстарының әлсіз және мықты жақтарын байқап үйренеді, сонымен қатар өзінің жеке алға жылжуын талқылай алады. Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау – оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің шеберлігін ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей, өзінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек» деген. Өзіндік бағалау – бұл тұлғаның өзін, өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін, сапалары мен басқа адамдар ортасындағы өз орнын бағалауы. Ғылыми әдебиеттерде өзіндік бағалау *жалпы және жеке* деп екіге бөлінеді. *Жекелік өзіндік бағалау* – бұл адамның сыртқы келбетінің немесе сапаларының белгілі бір қырын ғана бағалауы. *Жалпы өзіндік бағалауда* адамның өзіне деген қатынасы кезінде бағынан өткеретін мақұлдау немесе мақұлдамау сезімі көрініс табады. *Өзін-өзі бағалау* – өз қабілеттеріне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны бойынша өзіне баға беруі болып табылатын. *Өзін-өзі бағалау* оқушыны сенімділікке, ойлауға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Адамның өзін-өзі төмен бағалауы мінез-құлықта күмәнданушылық, қызғану, іштарлық, көңілсіздік, ешкімге жоламау сияқты сипаттар арқылы көрініс табады.

Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыптастырушы негізгі факторларына тоқталсақ:

- Бағаның ықпалы;
- Құзырлылық сезім;
- Отбасылық тәрбиенің ықпалы;
- Рефлексияның ықпалы және т.б.

Француз философы Мишель Монтень: «Кез келген адам қандай да бір істі атқарудан бұрын ол алдымен өзінің кім және не нәрсеге бейім екенін білу қажет» дейді. Педагогика ғылымында «бағалау», «бақылау», «тексеру», «белгілеу» бірге жүретін процесс. Бақылау мен бағалау жүйесі келесідей негізгі қызметті атқарады:

- оқыту, үлгерімді бақылау кезінде білім, іскерлік пен дағдылары тереңдетіліп, білімділік деңгейі, ақыл-ой еңбегінің мәдениеті артады, оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне негіз болатын жағдайда жүзеге асырылады;

- дамытушылық, бақылау нәтижесінде тұлғаның көңіл, ес, ойлау секілді психикалық үдерістері жетілген тұста, танымдық белсенділіктері артқан кезде туындайды. Бұл қызмет түрі бақылау тапсырмалары (сұрақтары) түсіндіруді, дәлелдеуді қажет еткенде жүзеге асады;

- тәрбиелік, үлгерім бақылаумен қатар жүретін баға оқушының жетістіктері туралы қоғамдық пікірді бейнелейді. Ол үлкен моральдік ықпал жасайды, оқу алдындағы парызын мойындатып, ерік-жігерді, тәртіпті, принципшілдікті дамытады;

- басқарушылық, үлгерімді бақылау үздіксіз жүретін кері байланысты туындатады, осының нәтижесінде мұғалім мен оқушы өз жетістіктерін байқап, ары қарай үлгерімді жақсарту шараларын қолдануға себеп болады;

- бақылау-бағалаушылық, оқушының оқу іс-әрекетінің нәтижелерін, оның барысын қадағалауға мүмкіндік береді.

Баға – оқушының білім, білік, дағды дәрежесін, деңгейін, сапасын белгілеу. Баға сандық немесе сөздік формада болуы мүмкін. Оқыту әдістері мен оқу сабақтарының түр-пішіндері бірімен-бірі сабақтасуы арқылы жүзеге асады. Оқыту әдістері сабақтың мазмұнының баяндау тәсіліне байланысты болса, оқу сабақтарын ұйымдастыру түрлері оқушылардың оқу қарекетін ұйымдастыруға тікелей қатысты болып келеді. *Сабақ* – осы іс-әрекетті жүзеге асырудың негізгі формасы. Ол оқытудың үш бірлік – *білім беру* – *тәрбие* – *даму* – қызметін тиімді іске асыруда көрінеді, олай болса, оқушылардың табиғи қасиеттерін шығармашыл дамытуға бағытталғандығымен де көрінеді.

Оқушылардың жетістіктерін бағалаудың келесі түрлері бар: диагностикалық, формативті және суммативті.

Диагностикалық бағалау – оқушылардың біліктілігін және білім, білік, дағдының қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе тарауды, бөлімді, тақырыпты өтудің алғашқы сабағында өткізіледі. Диагностикалық бағалау кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлері: сұхбат, әңгімелесу, бақылау, тапсырма, басқа пән мұғалімдерімен ынтымақтастық.

Формативті бағалау күнделікті тәжірибеде қолданылады (әр сабақта, зертханалық сабақта және т.б.); өсуді, ұлғаюды қамтамасыз ететін кері байла-

ныстың болуы; мұғалімге, оқушыларға да қолайлы түрінде жүзеге асырылады; оқытушыға аудиторияның үлгерімін бақылауға көмектеседі;

Формативті бағалаудың мәні: заманауи бағалау икемді, көпқұралдық, түсінікті, психологиялық қолайлы, қос құрамдас болу керек.

Суммативті немесе қорытынды бағалау емтихан, қорытынды тест, эссе және т.б. түрінде өткізіліп, белгілі уақыт аралығында оқушылардың оқытылу нәтижесін анықтайды.

Формативті және суммативті бағалаудың айырмашылығын төмендегі суреттен байқауға болады:

Сонымен, **суммативті бағалау** – бұл өлшеу үрдісі, бірақ өз бетінше бұл өлшемдер өсу үрдісіне әсер етпейді. Формативті бағалау жетістіктердің өсуі мен дамуына тікелей әсер ететін үрдіс. Сондықтан да, формативті бағалау оқыту мен білім берудің маңызды факторларының бірі болып табылады. *Формативті бағалаудың шарттары:*

- Оқушылардың оқыту мақсаттарын білу мен түсінуі;
 - Оқушылармен тиімді кері байланыстың болуы;
 - Оқушылардың өзін-өзі тану үрдісіне белсенді қатысуы;
 - Оқушылардың бағалау өлшемдерін білу мен түсінуі;
 - Оқушылардың өзінің жұмысын талдай алу мүмкіндігі мен ептілігі (рефлексия);
 - Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқыту тәсілдемелерін түзету мүмкіндігі.
- Оқуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады.

Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Кез келген мұғалім «Оқу үшін бағалау» нәліктен оқыту мен оқуды жетілдіру проблемаларын шешудің маңызды мәселесіне айналып отыр деген сұрақ қоюы мүмкін, онысы орынды да. Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырады. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген ойды қабылдау үшін біздің түсінігімізді едәуір өзгерту қажет болады.

Оқу үшін бағалау – оқушылар белгілі бір уақыттың ішінде өз білімдерінің деңгейін өздері бағалайтын, кейін мұғалімдермен бірге өзін-өзі жетілдіру жолындағы келесі қадамдарын айқындайтын үдеріс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мухина В.С. Детская психология. – Москва. 1985 г.
2. Липкина А.И. Психология самооценки школьника: Автореф. дис...канд. псих. Наук. – М.1974, 35 с.
3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал / О.И. Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциялауымен. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.

4. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған © «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

Алаш қайраткері М. Дулатов идеялары негізінде жоғары сынып оқушыларының өзіндік тұлғасын қалыптастыру

А. РАХМАНБЕРГЕН

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері жан-жақты қарқынды дами бастады, өз тарихының зерттелмей жатқан беттерін түсіндіруге, зерделеуге жол ашты. «Мәдени мұра», «Алаш мұрасы» бағдарламалары бекітіліп, қыршын кеткен арыстарымыздың еңбектері оралып, зерттеліп, жарық көре бастады.

Міржақып Дулатов 1885 жылы Торғай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген. Екі жасында шешеден, он екі жасында әкеден жетім қалған ол 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, оны 1902 жылы бітіріп шыққаннан кейін алты-жеті жылдай ауылда бала оқытады. Кейіннен Омбы, Қарқаралы қалаларына барады, Петерборда шығатын «Серке» газетіне «Жастарға» (1907) деген өлеңін бастырады. 1909 жылы Уфада «Оян қазақты», Қазандағы ағайынды Қәрімовтар баспасынан «Бақытсыз Жамал» романын бастырып шығарады, «Айқапқа» түрлі тақырыптар төңірегінде (оқу-ағарту, мәдениет, тіл т.б.) үзбей мақала жазып тұрады. Осы жылдары А. Байтұрсыновпен бірлесіп, «Қазақ» газетін шығаруға ат салысады. Қазан төңкерісіне дейін, сондай-ақ Кеңес өкіметі жылдарында бірнеше рет түрмеге жабылады. Алаш өкіметі мен партиясының басшыларының бірі болғаны белгілі. Алаш ардақтыларының бірі М.Дулатұлының тілдік мұрасы түрен түспеген тың өлкелердің бірі. Алғаш «Оян, қазақ!» деп үн қатқан ардақты ағамыздың тілдік тұлғаға саналу сипатын дәлелдеу осы тектес зерттеулердің басты мақсаты. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең XX ғасырдың басынан бастау алады, 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Тарихшы М. Қойгелдиев «сол кездері көпшілікке танымал болған «Қазақ» газетін Міржақып Дулатұлының қарымды қаламы, көксемсер сөзі, жалынды публицистикасынсыз елестету мүмкін емес» деген болатын.

М. Дулатов «Туысында қанша зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің, табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді... Жаксы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай керсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...», - дейді. Халқымыз егемендікті аңсап жатқан қарбалас шақта жас еркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, дәстүр-салт, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет. Бұл жөнінде де М. Дулатов былайша жеріне жеткізе айтқан еді. «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің, - деп жазды ол, - әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафик үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады.

М. Дулатовтың 1921 жылы Тәшкенде шыққан «Есеп құралы» қазіргі кездегі математикадан оқу кітаптарын құрастырушылар үшін теңдесі жоқ үлгі деуге болады. Осы кітаптың алғашқы нұсқасы 1914 жылы Орынборда басылған еді. Мұнда бастауыш кластағылардың ұғымына оралымды, кекейіне қонымды, күнделікті қазақ өмірінен алынған, қазақ психологиясына бесенеден танымал есептер, тапсырмалар мен жаттығулардың төрт амалды (қосу, алу, көбейту, бөлу) зердеге тез тоқып алуға көмектеседі. 1924 жылы М. Дулатов жазған «Қирағат» кітабы өзінің құрылысы жағынан бастауыш класс оқушыларына жеңіл, түсінікті тілде, табиғатпен байланысты әңгімелерден (жылдың төрт мезгілі, ол кездердегі жан-жануарлар мен құстар өміріндегі ерекшеліктер, ел өмірі, тұрмыс тіршілігі, т.б.) тұрады, яғни мұнда биология, экология, салт-дәстүрден хабар беру көзделген. Екінші бөлімде балаларды талаптылыққа, еңбек етуге, адамгершілікке баулитын ғибратты әңгімелер топтап берілген. Мысалы, «оқымысты бала» деген әңгімеде қаладан оқып келген баланың ауылға келген соң еріншектік жасап, тырнауыштың сабын басып калғанда оны маңдайына соғып алып, «Тырнауышты аяқ астына тастаған қандай ақымақ екен» деп ашулануын сықақ етеді. «Қонақ кәде» атты әңгімеде қазақтың әдет-ғұрпын сөз етсе, «Күлмеңіздер көріге» деген әңгімеде әке тілін алмай өлмелі шал-көмпірді мазақтайтын әдепсіз балалардың қылығы айтылады. М. Дулатовтың тәлім-тәрбиелік тағылымдарынан қазіргі күн талабы-тілегімен ұштасатын тағы бір ойды кездестіреміз. Ол жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу жолдарын ұсынды. М. Дулатовтың оқу-ағарту майданындағы ерекше көзге түсуі жиырмасыншы жылдардың орта шеніндегі латынша немесе арабша әріпті алу мәселесінің теңірегіндегі айтыс кездерінде көрінді. М. Дулатов 1924 жылы Орынборда болған қырғыз-қазақ

ағартушыларының тұңғыш съезінде баяндама жасап, араб әрпінің ерекшелігі мен артықшылығын дәлелдеп бақты. Оның «Бүкіл шығыс елінің мәдени мұрасы араб әрпімен жазылған, егер де дүрмекпен латынға көшсек біз бұл байлықтан мүлде қол үзіп қаламыз» дейтін пікірінің шындық екендігіне бүгінде дау айтатын адам болмаса керек.

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармалардың бірі ғана емес, бұл қазақ көркем сөзіндегі тұңғыш роман. Роман кезінде оқушы қауым ортасында үлкен пікір туғызып, мерзімді баспасөз бетінде сын объектісіне айналды. Оның қоғамдық санаға ықпалы да зор болды. Бұл ақпараттар қаламгердің қызы Гүлнар Дулатованың «Ардақтап өтем әкемді» аталған естелігінде жарияланған. 1910 жылы Қызылжарда тұрғанда «Бақытсыз Жамал» романын жазып, Қазанда бастырып шығарған кітабы қолымызға тигенде ғана білдік. Бас басымызға бір-бірден қолтаңбасымен жіберген... Бұл кітабы да елге тез тарап кетті, бізге көршілес ауылдан келушілер сылтау тауып, қалап әкететін болды. Жамалдың өлеңмен баяндайтын аянышты өмірінен қыз-келіншектер өз бастарынан кешкен мұң-зарын көрді. Романның негізгі тақырыбы – әйел теңдігі, оның махаббат бостандығы мәселесі. Адамдық құқығы мен өз басының тәуелсіздігі үшін күреске шыққан жастар бейнесі арқылы автордың қалыптасқан кей әдет, рәсімдердің қазақ халқының болашағына – ұлдары мен қыздарына тигізер зиянын айтып, қоғамдық қатынастарды қайта құруға шақырады. М. Дулатов қазақ педагогикасында алғаш рет дидактиканың негізін қалаған адам. Ол қазақ оқушыларының гигиенасы мен әдеп, мінез-құлықтары жөніндегі шарттарды жазды, «қирағат» кітабындағы «Денсаулық жайынан» атты тарау жоғарыдағы мәселелерге арналған. Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ математигі. Ол алғашқылардың бірі болып қазақ шәкірттеріне «Есеп құралы» атты оқулық жазды. Сонымен қатар М. Дулатов ислам дінінің белгілі дәрежеде халықты ағартушылық бағытқа жетектейтін негіз бар деп есептейді.

М. Дулатовтың бойындағы қабілеті мен зеректігін былай қойғанда, білімділігі, іскерлігі, әсіресе, аса күрделі тарихи кезеңде өздерінің жеке басының мұрат-мақсаттарын қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, праволық, саяси және рухани мүдделерімен жан-жақты ұштастырып, жұрттың жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын адал перзенттері, ірі қайраткерлері, жанашырлары, қамқоршылары болуы сияқты моралдық қасиеттердің ең жоғары биігіне көтеріле білгендіктерінде деп түсінеміз.

1906 жылы Петерборда шыққан «Серке» газетінде М. Дулатовтың «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарияланған. Міржақып Дулатовтың есімін тек қазақ халқына ғана емес, Ресейдегі түрік әлеміне тұтас жайған «Ояң, қазақ!» кітабы бірінші рет 1909 жылы Уфада, екінші рет 1911 жылы Орынборда басылып шыққан. «Ояң, қазақ!» кітабына шұрайлы жерлерінен, атақоныстан айырылған қазақ халқының басына түскен ауыртпалықты, халқының өткен тарихын, қазіргі халін көрсеткен «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Қазақ халқының бұрынға мағишаты», «Өнермен хасил болған

нәрселер», «Сайлаулар хақында», «Қазақ жерлері», «Мешіт-медресе хақында», «Жастарға», «Терме», «Таршылық халіміз хақында аз мінажат», «Жесір даулары хақында», «Жігіттер», «Насихат ғұмумия», т.б. өлеңдері топтастырылған.

Қорыта келгенде Міржақып Дулатов *ақын, жазушы, лингвист, ғалым, сыншы, тілші, әдебиетші, журналист, зерттеуші, математик, заңгер, ұстаз*. М. Дулатұлының зар-мұңы, елі мен жерінің бақытын көксеген ойшылдығын, келер ұрпақтың қамын жеген кемелдігін көре аламыз. Болашаққа деген нық сеніммен жігерленген оның шығармашылығы қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы күресімен тығыз байланысты. Оның тағдыры – патша өкіметінің қуғын-сүргіні мен сталиндік репрессияның зардабын басынан өткізіп, әділет пен шындық жолында құрбан болған қазақ зиялыларына тән тағдыр екені баршаға мәлім.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991, - 384 б.;
2. Дулатов М. «Оян, қазақ!», құраст. М. Әбсеметов. - Алматы, 1991;
3. «М. Дулатовтың прозалық туындысы «Бақытсыз Жамал» романындағы әдет-ғұрыптар» Г. Қансейтова. «Хабаршы» журналы, №1, 2013. - 76-78 б.;
4. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы: Бірінші том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер // Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. - Алматы: Мектеп, 2002. – 368 б.
5. С. Қалиев, Р. Мұратханова «М. Дулатов мұраларындағы Міржақып Дулатов шығармалары. - Алматы. «Хабаршы» журналистика сериясы, №3, 2002.

Өзін-өзі тану сабақтарында аутотренинг жаттығуларын қолдану тиімділігі

А. ӘЖІБАЕВА

«Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз шексіздікті танып-білуге ұмтылады. Мұндай ұмтылыс адам баласының бойында дүниеге келген сәтінде-ақ пайда болады. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі», – деп белгілі педагог Ш. Амонашвили айтқандай мұғалім шеберлігі мен білімділігі «Өзін-өзі тану» пәнінің құндылығы мен маңыздылығын аша түседі. Өзін-өзі тану пәні әлемдегі ең басты құндылық – адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Ш. Амонашвилдің «Күлкім менің, қайдасын?» атты еңбегінде өмірдің осындай қарапайым

ақиқатына – жақсы адам болуға баланы жастайынан үйрету керек. Бұл тұрғыда мұғалімнің рөлі аса зор. Өйткені ол оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі әдістемесін жеткілікті меңгеріп, балалар психологиясын терең талдай отырып, белгілі бір жастағы балаларға бағытталған педагогикалық процесті ұйымдастыра алады.

Өзін-өзі тану пәні адамның өзін-өзі тануына, өзінің ең жақсы қасиеттерін анықтауға, өз ар-ұжданын сақтап, әрқашанда АДАМ деген атқа лайық болуына ықпал етеді. «Жақсы адамды кездестірсең одан үйренуге тырыс, ал жаман мінез құлықтағы адамды кездестірсең өзіңді-өзің зертте» - деген Конфуций. «Өзгені тану үшін өзіңді-өзің таны» (б.з.д. 469-399 жылдар) деген болатын Сократ. «Рухани көусәр бұлаққа барар жолды іздеу – әр адамның міндеттерінің міндеті» – деген С. Алпысқызы.

Оқушыларға білім мен тәрбие беретін бала жанының бағбаны-мұғалімдер, сондықтан олардың ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, көшірімді жалпыадамзаттық құндылықтарды: *ақиқат, дұрыс-әрекет, сүйіспеншілік, тыныштық қиянат жасамау* құндылығын өз бойында дамытып ұрпақ тәрбиесінде қолдана білсе рухани тәрбиенің негізгі шарты болып табылады. Тіршіліктің негізгі тірегі – *сүйіспеншілік*. *Сүйіспеншілік* – тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі. Жарық дүниеде барша кедергі-кесепатты жеңетін күш те осы сүйіспеншілік. Көңілі сүйіспеншіліктің түбіндегі әрбір тасын санап алуға болатын көусар бұлағынан мейірін қандырған жанның рухы кемелдік көгінде қырандай қалықтап, мәңгіліктің жасыл жайлауына қанат қағады. *Сүйіспеншілік* – елдің ыстық ықыласына бөленудің ең төте жолы. Өйткені, сүйіспеншілік – пайғамбарлардың қастерлі жолы. *Сүйіспеншілік* – тұлғааралық қарым-қатынастың ерекше тәсілі, адам өмірінің мағыналық жағын көрсететін философия, психология, педагогика ғылымдарының іргелі санаты. Платон махаббат пен достықты зерттейді. Ол жалпы пікірде қабылданған махаббат пен достықты және шындығында бар махаббат пен достықты қарастырады; шындығында махаббат-сүйіспеншілікке лайықты махаббат (пәні) не және жалпы қабылданған пікірде махаббат-сүйіспеншілікке лайықты махаббат (пәні) не – осыларды зерттейді. Махаббат қарым-қатынастың ең жоғары деңгейі, риясыз, шынайы махаббат тіпті жауапсыз адам болса да, онда рухани жомарттық, альтруизм, жеккөрушілік пен жанашырлық таба алады.

3. Фрейд: «Егер ер бала сәби шағында анасының мейіріміне және сүйіспеншілігіне мол кенелсе, кейін ересек тартқан шақта да осы мейірім нұры оның өмірін шуақтандырып, ер адам тұлғалы, батыр жүрек, жеңіске құштар, жолы болғыш келеді» дейді. Мать Тереза *сүйіспеншілік* – тіршіліктің тірегі. Риясыз сүйіспеншілік – тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі. В.П. Тугаринов «Сүйіспеншілік – адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру мен өзін ынталандыру үшін қажет», - деді. А. Некрасов өзінің «*Материнская любовь*» еңбегінде отбасындағы татулық, үйлесімділік көбіне ананың еншісінде деп есептейді. Осы автордың ойынша көптеген жастар «махаббат» пен «ғашық» болу сезімін шатастырып, отбасын құрады және бірден дүниеге сәби әкеледі. Сүйіспеншілік қабілеттілікті психологиялық тренингтер арқылы дамытудың маңызы ерекше. **Тренинг** сөзі (ағылшын тілінен train – тәрбиелеу, оқыту, үйрету, машықтандыру) – бұл жұмыс нәтижесіне және қажетті машықты

дамытуға қол жеткізуге бағытталған, машықтану және қандай да бір саладағы жүйелі тапсырмаларды, әрекеттерді немесе ойындарды орындай білу.

«*Аутотренинг*» сөзі грек тілінен аударғанда «ауто» өзі және ағылшын тілінде *training*-оқыту, тәрбиелеу, жаттығу деген мағына береді. Аутотренинг әдісін 1932 жылы неміс дәрігері Ж.Н Шульц ұсынған. *Аутотренинг* – бұл психологиялық өзін-өзі реттеу және өзін-өзі жетілдіру әдістері. Аутотренинг *релаксация, самогипноз, медитация, рефлексия, аттракция, эмпатия, идентификация* және басқа да әдістерді қамтиды.

Идентификация – өзгенің орнына өзін қойып, оның ішкі дүниесін түсіну, өзгені тану тәсілі, өзін өзгеге ұқсату.

Рефлексия сөзі латын тілінен кірген «*reflexio – кейінге оралу*» деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді Джон Локк 17 ғасырда өндірген болатын. *Рефлексия* – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы.

Эмпатия – дегеніміз гректің «*patho*» сөзінен шыққан (күшті терең сезім, қайғы-қасірет сезімінен жақын). *Эмпатия* – бұл басқа тұлғаның эмоционалдық жағдайын сезіну, оның позициясына ену, оның сезімдерін, тілегі мен амалын түсіну қабілеті, сонымен қатар осы тәжірибенің сыртқы себептерін сезіну мүмкіндігі. *Эмпатия* ұғымы қазіргі уақытта әртүрлі аспектілерде қарастырылады. Мысалы:

- Басқа адамның уайымын түсінуге мүмкіндік беретін психикалық процесс;
- Қарым-қатынасты ерекше түрде құруға мүмкіндік беретін адамның қызметі;
- Басқа адамға ерекше назар аудару түрі;
- Қабілет, жеке тұлғаның қасиеті. Эмпатия баланың ішкі дүниесін түсінуде, оның өміріне эмоционалды түрде араласуда көрінеді. Эмпатия – эмоциялық түсіну, өзгенің ішкі жағдайын өз сезімдері арқылы қабылдап білу.

Аттракция – өзгені танып білудің ерекше түрі, ол өзгеге қатысты тұрақты жылы сезім қалыптастыруға негізделген. Ортақтасу серігін жақсы түсінуге, оған қарай достық не сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым-қатынас себепкер болуы даусыз. *Аутотренинг техникасын* жоғары деңгейдегі көптеген спортшылар ішкі тыныштықты сақтау және жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жарыс кезінде кедергілерді жою үшін пайдаланады, өйткені артық қобалжуға күш-қуат кетеді. Көптеген әртістер де өнер көрсетер алдында қажетті рухты тауып, қажетсіз алаңдаушылықтан құтылу үшін *аутотренинг техникасын* қолданып босаңсу сезімдері пайда болады.

Релаксация (лат. *relaxatio*-жеңілдету, босаңсыту, босаңсу) толық және бұлшық еттің кейбір бөліктерінің босаңсуымен байланысты тыныштық жағдайы деген мағынаны білдіреді. Релаксация жаттығуларының түрлі әдістері бар. Ең кең тараған түрі бұлшық еттің шириғыуы мен босаңсуына негізделген бұлшық ет релаксациясы. Келесі түрі *аутогендік жаттығу* немесе *аутотренинг*, яғни босаңсу. Үшінші түрі, әдейі таңдалған әуенді және мәтінді тыңдау арқылы басқа адамның әсерімен қол жеткізілетін босаңсу түрі.

Аутогендік жаттығу мен аутотренингтер адамның мазасыздану күйін

басу үшін де қолданылады. Аутогендік жаттығу трансқа өзін-өзі жүктеу әдісі болып табылады және сана-сезімнің өзгерген жай-күйі. Аутогендік жаттығу шын мәнінде өз психикалық жағдайын өз бетінше реттеуге тамаша мүмкіндік беретін әдіс болып табылады. И.Г. Шульц бойынша аутогендік жаттығу екі сатыдан тұрады:

- *төмен саты* – ауырлық, жылу сезімін тудыруға, жүрек қызметі мен тыныс алу ырғағын игеруге бағытталған жаттығулар арқылы бұлшық еттердің босаңсуын үйрету;

- *жоғары саты* – *аутогендік медитация* – әр түрлі деңгейдегі транс жағдайын жасау. И.Г. Шульц, В. Лютенің авторлық бірлестікте алты томдық «*Аутогенді жаттығу бойынша билік ету*» монографиясы жарық көрген болатын. Бұл еңбекте аутогенді жаттығулардың көптеген мүмкіндіктерін ескеріп, өзіндік тәрбиелеу мен адамның жасырын мүмкіндіктерін белсенді ету құралы деп көрсеткен.

И.Г. Шульц аутогенді жаттығуды арнайы жаттығулар мен тренингтар арқылы өзін-өзі тәрбиелеу әдісі әрі психотерапияның әмбебап әдісі деп көрсеткен. Аутогенді жаттығулардың психофизиологиялық механизмдеріне көңіл аудару, бағыттауды реттеу, бұлшық етті қысымдардан босату және т.б. деп бөлді. Аутогенді жаттығуларда *алты салада босаңсу* жүзеге асырылады: бұлшық еттерде, жүректе, қан жүйелерінде, дем алу ағзасы, құрсақ қуысы, бас ағзасы. Релаксация тыныштық пен демалуды орнату шеңберінде, үш әрекет негізінде орын алады:

- нақтылы сөздік формулаларды айтуы;

- ықыласпен басқару;

- бейнелі ұсыныстар. Себебі релаксациялық жағдайдың мақсаты – күшті қалпына келтіру, біз қол жеткізе алатын ең жоғары нәтижесі жақсы сезіну мен тепе-теңдік жағдайға қол жеткізу. Х. Линдеман аутогенді жаттығулардың белсенді қолдаушылары ретінде психикалық өзін-өзі реттеуді иеленетін адамдар сәтті түрде бай эмоционалды өмірмен, шыдамдылықпен, әрі белсенділікпен ерекшеленеді деген болатын. Олай болса, өзін-өзі тану пәні мен сынып сағаттарында аутотренингтік жаттығулар арқылы оқушылардың сүйіспеншілік құндылықтарын қалыптастыру жұмыстарының жүргізілуі маңызды әрі міндетті деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амоношвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М., 1996.
2. Акимов Б. Медитация. Самовнушение. Аутотренинг. Самые эффективные психотехники»: Свет; Москва; 2014.
3. Долгова В.И., Мельник Е.В. Эмпатия / Монография. – М. Издательство «Перо», 2014. – 185 с.
4. Роджерс К. Человеко-центрированный подход в терапии: сессия с Джен // Журнал практической психологии и психоанализа. - 2000.
5. Гладкова С. Аутотренинг. Антистрессовые методики/ Серия «Будь здоров». - Ростов н./Д: «Феникс», 2002. – 320 с.

Психологический анализ феноменов супружества и отцовства у казахов

М.П. КАБАКОВА

1. Исторические, традиционные, религиозные аспекты отцовства казахов.

Научная рефлексия психологических аспектов феномена отцовства казахов показала, что это многогранный, многоаспектный и сложный феномен, который не получил должного и объективного исследования в казахстанской науке.

Тем не менее, в таких областях научного знания, как история, этнология, культурология имеются описания исторических событий, культурных и религиозных традиций и обычаев. В них казахский мужчина предстает в образе мужа, главы семьи, отца, охотника, добытчика, кормильца, представителя рода, воина, защитника своей Земли. В настоящее время этот образ помогает поддерживать модель поведения мужчины – мужа, отца, у современного представителя казахского этноса.

Во-первых, это личностные качества казахского мужчины: смелость, решительность, мужественность, физическая сила, стойкость, выносливость, гибкий ум, говоря современным языком, высокий социальный и эмоциональный интеллект, обостренное чувство справедливости, свободолюбие, самостоятельность и независимость, социальная зрелость, хорошие коммуникативные способности, умение убеждать, дипломатичность, которые были необходимы для ведения переговоров, решения стратегических и тактических задач по сохранению своей территории, Земли.

Во-вторых, это качества мужчины-казаха как мужа и отца: заботливый, хозяйственный, способный брать на себя ответственность и выполнять роль лидера, имеющего позитивную установку по отношению к браку и семье, бережно относящийся к своим жене и детям. Указанные качества имели высокую значимость не только в прошлом, но проявляются и сейчас.

Для казахов вообще, и для казахских мужчин в частности, присуще уважительное отношение к семье и детям, как главным ценностям жизни, что нашло подтверждение в исследовании Кабаковой М.П., посвященного изучению психологических особенностей казахской семьи, на примере городской и сельской семьи, семьи военнослужащих и оралманов (2018, с. 210-212). В структуре жизненных и семейных ценностей исследователем выявлена «семецентрическая» и «детоцентрическая» направленность мужчин и женщин, а также ориентация на соблюдение традиций и обрядов казахского народа в процессе совместной жизнедеятельности.

Ожидания социума, цикличность и повторяемость многих жизненных и семейных событий казахского народа (рождение ребенка, обозначение каждого этапа в его жизни, в том числе женитьба/замужество), включая религиозные (обряд обрезания; соблюдение поста – ораза, празднование айта; регистрация брака по-мусульмански – неке қию), способствовали закреплению модели

поведения мужчины как ответственного главы семьи и рода, отца семейства в многопоколенной расширенной казахской семье, с учетом родоплеменных структур и кровно-родственных связей, а также сохранению принципа «Жеті ата», добропорядочности и добродетельности в отношении родных и близких, особенно старшего поколения.

2. Участие отца в воспитании детей.

В казахской семье роль отца в воспитании детей была важной и значимой. Он со всей ответственностью подходил к процессу воспитания детей, особенно мальчиков. Практически во всех семьях отцы приобщали сыновей к труду по ведению хозяйства и уходу за живностью, домашним скотом, учили ставить и разбирать юрту, забивать скотину и разделывать тушу животного, обучали навыкам верховой езды, стрельбы, охоты, рыбалки, выживания в различных условиях, поощряли конноспортивные и другие национальные состязания и игры (көкпар, бәйге, асық и др.), развивали в мальчиках физическую силу, меткость, ловкость; силу воли и духа, упорство, трудолюбие, честь и достоинство, мужество и стойкость, а также ум, дипломатичность и ораторское мастерство. Не даром данное мужчиной слово чести, клятва или «ант», было гарантом выполнения обещанного.

В отдельных семьях мужчины-отцы занимались кузнечным делом, ковали мечи, наконечники стрел, подковы для лошадей, колеса для повозок/телег, или ремеслом по выделке кожи, плетением узды, камчи, изготовлением седла и пр., а также изготовлением национального музыкального инструмента – домбры. Все эти умения и навыки отцы старались передать своим сыновьям, с раннего детства обучая и привлекая их к совместному труду.

Отцы также придерживались и контролировали выполнение ряда религиозных и культурных традиций в воспитании сыновей. Во-первых, это азан шақыру – обряд наречения. Имя детям в целом, и мальчикам в частности, давалось с глубоким смыслом и с определенной установкой. Во-вторых, обряд обрезания пут, когда ребенок делает первые шаги – тұсау кесу. Перерезать путы и дать бата – благословение ребенку доверяли уважаемому и успешному человеку, достигшему определенных высот, имеющего авторитет среди своих соплеменников, поскольку верили, что ребенок будет похож на него в своем поведении и успехе. В-третьих, обряд обрезания - сүндетке отырғызу (в 3, 5 или 7 лет), который имеет несколько толкований и смыслов: знак принятия в религиозную общину, и символизирует инициацию перехода во взрослую жизнь. В-четвертых, традиция – атқа/ашамайға мінгізу (5-7 лет), что олицетворяет признание взросления и самостоятельности будущего мужчины. В-пятых, сватовство и женитьба сына. В-шестых, в зависимости от порядка рождения, отделение сыновей от родительской семьи и передача им енші – надела (часть отцовского имущества, в том числе землю и скот). Как правило, отделяли старших и средних сыновей, младший сын по традиции оставался в доме родителей – қара шаңырақ, обеспечивая уход за ними, и выполняя функцию главного координатора в жизни большой казахской семьи, поддерживая доброжелательные отношения со всеми родственниками по линии отца (өз жұрты), по линии матери (нағашы жұрты), по линии супруга/супруги (қайын жұрты).

Следует также отметить, что одним из важных аспектов в воспитании маль-

чиков – научить ценить мужскую дружбу, дорожить ею; проявлять добропорядочность и уважение в отношении соседей, незнакомых путников, и даже врагов.

Что касается воспитания девочек, то отец – это главный эталон в выборе будущего мужа. Отец для дочери – олицетворение опоры, безопасности и защиты, надежности, силы, мужества и активности. Полученные в детстве ласка, любовь, забота от отца формирует в девочке нежность, женственность, доброму, готовность любить и ценить мужчину.

Отец выполнял и выполняет огромную роль в половом воспитании и гендерной социализации личности своих сыновей и дочерей, развивая в них маскулинные и феминные качества, формируя веру в себя, самоуважение и самопринятие, обучая навыкам социального взаимодействия, решения различных ситуаций, достижения намеренных целей.

Национальной и культурной особенностью воспитания детей в казахской семье была опосредованность, т.е. основные мысли, идеи, ценности доводились посредством народной мудрости (половицы, поговорки, притчи) и иносказания, когда многие деликатные темы не обсуждались прямо и в лоб, а доносились опосредованно. Слово – было главным инструментом в деле воспитания не только детей и подрастающего поколения, но и взрослых: словом можно было убить, словом можно было воскресить.

Следует особо отметить, что у казахов не было понятия сиротства. Любая казахская семья (даже самая бедная) могла взять на воспитание детей родственников, оставшихся без родителей, и даже чужих детей из аула, не имеющих с ними родства.

Также большой акцент в воспитании подрастающего поколения делался на уважительном отношении и почитании старших, и женщин, забота и уход за ними в старости и в болезни.

Указанные этнические особенности, которые современные семьи несколько потеряли, являются самой большой ценностью казахского народа.

Таким образом, отец являлся ранее и выполняет эту функцию в настоящее время – главный проводник своих детей в социальную жизнь, социум. Это накладывает большую ответственность как на отца, так и на детей. По поступкам детей судили и до сих пор судят о его родителях, и в большей мере об отце, по принципу: скажи кто твой отец, и я скажу кто ты (кімнің баласы боласың?).

3. Роль мужчины, как главы семьи и мужа у казахов.

Как было сказано выше, мужчина казах как глава семьи - отағасы и муж брал на себя ответственность и выполнял роль лидера, главы семьи и рода, иногда и племени (племя — объединение вышедших из одного корня, но впоследствии отделившихся друг от друга родов, в основе ее продолжают оставаться кровно-родственные связи), знал своих предков до 7 колена, строил «шежіре» - генеалогическое древо. Знание шежіре является обязательным для каждого казаха. Это позволяет избежать близкородственные браки и предотвратить психические и физические отклонения и дефекты в развитии детей и следующих поколений в целом.

Следует особо отметить, что в последнее время стала активно развиваться родология – учение о истории своего рода. И современные казахские мужчины

вновь стали изучать свою родословную, обращаться к истории своих дедов и прадедов, ища ответы на многие актуальные вопросы, поскольку рождение, смерть, болезнь, карьера, бизнес – многие события в нашей жизни происходят под влиянием истории рода и откладываются/записываются в генетической памяти. Горе, пережитое предками, откладывается в генетической памяти потомков.

Для того чтобы успешно управлять семьей, родом, мужчина был властным, но справедливым, проявлял мудрость и глубину, поскольку знал законы и философию степной жизни. В семье мужчина был главным, служил опорой, защитником и добытчиком, политиком и стратегом, а главное – продолжателем рода. Поэтому к мужчине было безмерное проявление уважения и бережное отношение, т.к. в нем находились семена будущих жизней и поколений. Такое уважение и почет выражались в особом обращении к мужчине, главенстве за столом (терде отыру), послушании.

В роли мужа казахские мужчины проявляли любовь, уважение и заботу по отношению к жене и детям. Возможно, в силу культурных особенностей и мужской психологии, эти чувства проявлялись скупой и не демонстрировались на людях. Но каждый мужчина боролся за свою женщину/жену, ценил и оберегал ее, стоял на страже ее чести и достоинства, баловал и делал подарки, гордился ею, как умной и красивой женщиной, умелой хозяйкой, доброй матерью и хорошей невесткой (келін) для родителей.

Необходимо отметить, что в истории казахского народа был такой обычай, как аменгерство. Основным смыслом которого заключался в том, что вдова должна была выйти замуж за одного из братьев умершего мужа. Развод считался недопустимым. Брак оберегался, чтобы не прервался род. А также этот обычай был главным механизмом в профилактике социального сиротства.

4. Было ли планирование и подготовка к отцовству и супружеству в традициях казахов?

Отношение казахов к браку, семье, рождению и воспитанию было особенным и осознанным всегда. Это составляло основной смысл их жизни – оставить после себя след, потомство, вырастить достойное поколение, которое будет помнить и чтить историю, культуру, традиции своей семьи, предков, рода, защищать свою землю. В этой связи планирование и подготовка к будущему супружеству и родительству начиналось с детства.

Мальчикам с детства говорили, что в 13 лет мужчина может быть способен создать семью. Поскольку кочевой образ жизни, суровые климатические условия, ранняя социализация и приобщение к труду, решение социальных и политических вопросов во взаимоотношениях с другими родами, способствовали ускоренному созреванию и взрослению.

К девочкам же оказывалось особое бережное отношение, подчеркивая их статус - временной гостьи в доме родителей, которая непременно выйдет замуж, покинет отчий дом и будет членом другой семьи, продолжательницей рода мужа, благодаря этому будут объединяться разные семьи и рода. В этом заключалась основная миссия женщины казашки.

В целом, казахи родители воспитывали такие качества личности в дочерях, как скромность, мудрость, чувство собственного достоинства, женственность,

заботливость, хозяйственность. В сыновьях – силу, стойкость, активность, готовность к преодолению различных сложностей, стремление к поиску, познанию, освоению нового опыта.

Уникальная функция родителей в казахской семье – выбор достойного жениха или невесты для своих взрослеющих детей из числа детей своих друзей, знакомых, уважаемых и знатных людей, посредством сватовства. Засватать могли еще до рождения детей (атастыру, бел құда), а также в младенчестве, с колыбели (бесік құда).

Родители девочки с рождения готовили приданное дочери (жасау), а родители мальчика – калым (қалын мал, той малы,) за невесту. При отделении женатого сына отец давал ему надел (енші), часть отцовского имущества, в т.ч. землю, скот. Данные виды материальной и имущественной помощи были экономической основой для молодой семьи и ее самостоятельного существования. Говоря современным языком, составляли стартовый капитал.

Прародители и родители служили примером для подражания и усвоения моделей поведения в нескольких поколениях и во взаимоотношениях по горизонтали – «муж-жена» (отношения свойств), по вертикали – «прародители-родители-дети», в частности «отец-мать», «отец-сын», «отец-дочь», «мать-сын», «мать-дочь» (отношения родства), по диагонали – «свекор-невестка», «свекровь-невестка», «тесть-зять», «теща-зять» и взаимодействия с родственниками по линии отца (өз жұрты), по линии матери (нағашы жұрты), по линии мужа/жены (қайын жұрты). Усвоение обозначенных моделей поведения и сознательная подготовка детей к браку и семейной жизни обеспечивало успешную адаптацию в чужой семье и принятие новых ролей, устойчивость и гармоничность брачно-семейных отношений.

К большому сожалению, эта миссия родителей в наше время практически не выполняется, вследствие чего наблюдается негативная тенденция в росте числа людей брачного возраста, не состоящих в браке, в низкой брачности, психологическом одиночестве, увеличении количества разводов в стране. А ведь родители и родительская семья являются основным институтом социализации личности, в том числе семейной социализации.

Подводя итог сказанному, необходимо особо отметить этнические и культурные особенности традиционной казахской семьи, составляющие уникальность и ценность казахского народа:

- 1) Отсутствие разводов как явления (за очень редким исключением), поскольку считался недопустимым;
- 2) Брак оберегался, чтобы не прервался род. Семья – важная ценность в жизни каждого человека;
- 3) Не было сиротства как социального явления, поскольку каждый ребенок, чужой или родственников, – был на вес золота, представлял тот или иной род, племя, составлял численность населения в целом, олицетворял воина и защитника родной земли, был продолжателем рода;
- 4) Не было фактов брошенных стариков, прародителей. Чего не скажешь о современной ситуации в стране, где существуют дома престарелых, в силу недостаточного воспитания молодежи, которых не научили любить и заботить-

ся о своих родителях, не сформировали ответственность и чувство благодарности. Возможно, причина этой катастрофы в самих родителях;

5) Уважительное отношение к женщине: матери, жене, сестре, дочери.

В качестве профилактики семейного неблагополучия необходимо обучать и готовить молодежь, особенно мужчин, к браку и семейной жизни; повышать общий уровень культуры населения, в том числе психологической культуры, через разъяснение смыслов традиционной обрядности казахов, возрождения и модификации забытых обычаев; формировать положительный образ мужа, отца, главы семейства в обществе; развивать у мужчин казахов ответственное и осознанное отношение к супружеству, родительству, поскольку в современной жизни многие функции мужа и отца претерпели изменения, некоторые вообще исчезли; активно вовлекать мужчин в процесс воспитания детей и социализации молодого поколения.

Использованная литература:

1. Кабакова М.П. Психология семьи и брака. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 211 с.
2. Кабакова М.П. Психологические аспекты стабилизации супружеских отношений. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 с.
3. Кабакова М.П. Психологические особенности казахской семьи. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 286 с.
4. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Традиции и обряды казахского народа. – Алматы, 2012. – 312 с.
5. Аргынбаев Х.А. Қазақ халқындағы отбасы мен неке. (Семья и брак у казахов). – Алма-Ата, 1973.

Көркем шығармалар арқылы балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру

**Ұ. ҚЫЯҚБАЕВА,
Б. АУВАКИР**

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – *кітап*. Кітапсыз тәлім-тәрбие мен ілім-білімнің орны бос қалатыны бесенеден белгілі. «*Кітап* – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген дана сөз тегіннен-тегін айтылмаған. Адамның ойын байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатар орда – *кітапхана*.

Қазіргі жағдайда керек ақпарат табу үшін аудио, видео, ғаламтор сияқты же-

ңіл жолдар табылып тұрғанда кітап оқуға деген құштарлық азайып кетті. Бала ерте жастан кітаппен достасса, болашақта ол көзі ашық, көкірегі ояу адам болып қалыптасады. *Кітап оқу* - адамзат ойлап тапқан ең ғажайып құбылыстардың бірі.

Ұлы Абайдың:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл, терең білуге.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге», - деген сөзінен-ақ көп нәрсе аңғаруға болады.

Ғабит Мүсірепов: «*Кітап* дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік», - деген болатын. *Кітап* – ол дос, жұбатушы, басшы, біздің түсініксіз және белгісіз болып қалған ойымыз бен сезімімізді қалыптастыруға көмекші; кітап өзінің мазмұнымен нәр татқызып, рухани қолдау береді. Кітапты таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Ұлы жазушы А.П. Чехов: «Адам барлық жағынан да сұлу болуы керек», - дейді. Атақты педагог В.А. Сухомлинский баланың таза киініп, таза жүруімен қатар оның әдепті болуын талап етеді. Әдептілік – эстетиканың негізгі бір саласы. Эстетикалық әсер ізгілік сезім туғызады. Әсерленген балада эстетикалық ұғым, эстетикалық мұрат пайда болады. Көркемдік негіз тұрмысты сәндендіреді және адамның адамгершілік қасиетін арттырады. Әсемдік әрқашанда жақсы сезімге бөлейді. Баланы әсемдікті көре білуге, одан ләззат ала білуге үйретуіміз керек. Әсемдік табиғатта, сондықтан мен алғашқы сабақты табиғат аясында бастадым», - дейді. Ұлы педагог К.Д. Ушинский: «Баламен бақ ішінде және далада өткізген бір күн – сабақ үстінде өткізген көп аптаға пара-пар», - деген болатын. *Көркемдік сана* – эстетикалық тәрбиенің аса маңызды нәтижесі, талғамдар мен көркемдік көзқарастардың, эстетикалық талғамның жиынтығы. Баланы мектепке дейінгі ұйымдарда өнер көрсете білуге үйрету, мінез-құлқын қалыптастыру, әсемдік әлемін түсіндіру, қамқорлықпен қарауды, шығармашылыққа баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу, эстетикалық талғамын қалыптастыру қажет.

Ш. Ахметов: «Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілік асыл мұратқа жетелейтін өмір оқулығы» дейді. Көркем шығармаларды қолдану баланың оқу материалдарын терең түсінуін жеңілдетеді, зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін дамытады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бойынша жалпы білім беретін «*Алғашқы қадам*», «*Зерек бала*», «*Біз мектепке барамыз*» бағдарламалары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, адамгершілікке баулу іс-әрекеттері көркем шығармалар мазмұнынан орын алады. Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен үш салаға бөлінеді:

1. Ауыз әдебиеті үлгілері;
2. Классик жазушылардың шығармалары;
3. Қазақ жазушыларының шығармалары.

Осы саладағы шығармалар бағдарламаларда нақты жүйеге бөліп берілген. Балаларға көркем шығармалар оқып беру арқылы қуаныш, реніш, ашу-ыза, өкіну, таңдану, сыйлау сезімдерді қалыптастыру. Баланың оқу еңбегіне үйрену дағдысы тым жай қалыптасады. Әңгімелеуде көркем бейнелі сөздерді қолдана білуге баулу қажет. Көркем шығармалар, ертегілерді театрлық іс-әрекеттер арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, балаға қуаныш сыйлау қажет. Балалар әндер, тақпақтар, жұбату өлеңдерін, кіші сахна көріністерін ойнау арқылы коммуникативтік, бейнелік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту өте ертеден зерттеліп келеді. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Шығармашылық – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып табылады. Өмірде дұрыс жол табуы үшін адам ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

«Шығармашылық» сөзі «шығару», «ойлап табу» деген ұғымды білдіреді. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», - деп көрсетілген. Психолог Л.С. Выготскийдің пікірінше: «Шығармашылық жаңалық ашатын әрекет», деп атаған.

Театр (грек. theatron – ойын-сауық орны; ойын-сауық) – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын-жай. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятады. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, оқушылардың тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырады. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері жастайынан қалыптасады. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін оқушының бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Театрландырылған ойындардың мазмұнына ерекше мән беру. Бұл – негізінен адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерді уағыздаудан тұрады. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым ролдер, ал мінездері салмақты байыпты балаларға жағымсыз рөлдер тапсырылады. Бұл арқылы оқушылардың шындық өмірге тереңірек үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйретеді. Театрландырылған ойындарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар керек. Сөздік суреттеме бере отырып, балаларды ролде-

рін толық орындауға үйрету, өздерінің ролдерін қызықты ойнаған балаларды көтермелеп, мадақтап отыру. Оқушылар сахналық өнерді үйреніп, шығармашылық қабілеттерін сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады.

Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән-күйлер мен билерді кіріктіріп отыру керек. Мысалы, «Үйшік» ертегісінде әр кейіпкерлердің сахнаға шығуын «Қонақ келсе құт» деген мақалмен бастайды. Театрлық ойынға қатысушы балалар кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып көрерменге иланымды етіп ойнауы үшін, талмай жаттығып, қажетті элементтерін меңгеріп алуға тырысу керек. Ол үшін балалармен жоғарыда айтылып кеткен арнаулы жаттығулар жүргізіледі.

Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту оқу іс-әрекеттерін байланыстырып өткізгенде, әр оқу іс-әрекетінің соңы әрқашанда дерлік ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырды. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырылады, сөйтіп, олардың белсенділігі артады, оқу іс-әрекеттері мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, оқу іс-әрекеттерінде ынталана, құштарланып қатысып отырады. Осы жұмыстарды өткізген кезеңде әрбір ұлттық халық ертегілерінен, әңгімелерінен көріністер қойылады. Балалар өздерінің дербес іс-әрекеттерінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болады. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, әңгімелер сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылады.

Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов: «Театр – адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері – тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес», - деген болатын.

Балалардың тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда, шығармашылық қабілеттерін дамытуда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Добрынина Н. Е. По ступеням культуры чтения/ Н. Е. Добрынина// Библиотекосведение. - 2000. - №3. - С.53-57
2. Пантюхова, Т. В. Читательская культура в обществе коммуникаций/ Т. В. Пантюхова// Библиотекосведение. – 2008. - №3. – С. 61-64.
3. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы, 2005 ж.
4. Театрализованные игры дошкольников: Кн. для воспитателя дет. сада. – М.: Просвещение, 1991.

Арнайы мектеп оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің этнопедагогикалық негіздері

Г. ЖОЛДЫБАЕВА

Жас ұрпақты еңбексүйгіштік рухта тәрбиелеу – отансүйгіштік пен елжандылық қасиеттерді олардың бойына терең дарытумен тығыз байланысты. Бұл мәселе – Қазақстан Республикасының түрлі деңгейлік білім ошақтарына арналып дайындалған «Білім беру Заңында» жан-жақты қарастырылған [1].

Осы заңға орай, отандық білім беру жүйесінің мазмұны еліміздің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік ілгерілеуінің аса маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Қазақстандық әрбір жас ұрпақтың заманауи сапалы білім алып, өз елі мен әлемнің кез келген елінде өзіне және қоғамға пайдалы іспен айналысуына жағдай жасау дегеніміз, айналып келгенде, оларға еңбексүйгіштік тәрбие берумен ұштасады. Ал еңбексүйгіштік тәрбие олардың мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің талапқа сай жүргізілуімен тығыз байланысты. Өйткені әрбір мектеп оқушысының мектеп бағдарламасында қарастырылған білім мазмұнын оқып-игеруі, үйреніп-меңгеруі және оны өзінің басты міндеті ретінде сезініп-түйсінуі және оны дағдыға айналдыруы еңбексүйгіштік тәрбие берудің бастапқы элементі болып табылады. Күнделікті сабаққа тиянақты дайындалуы мен мектептен тыс уақытта үйге берілген тапсырмаларды мұқият орындауы мектеп оқушылары үшін еңбексүйгіштікке баулудың алғышарты. Сол себептен де жас ұрпаққа еңбексүйгіштік тәрбие беруде оқу-тәрбие жұмысының толықтай орындалуы аса маңызды.

Әрине, жас ұрпаққа білім беру мен оқу-тәрбие ісінің басты мақсаты – оларды адами құндылықтарды бағалап-қастерлеуге тәрбиелеп, адамгершілігі мол, таным-түсінігі терең, ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз Отанын жанындай сүйіп, оған адал қызмет ететін, оны қорғауға әрқашан дайын тұратын парасатты азамат етіп шығару екені белгілі. Сондықтан да педагогика, оқу-әдістеме ғылымының бүкіләлемдік танымал тұлғалары «Тәрбие – білім берудің мазмұны» болуға тиіс деген тұжырымды басшылыққа ала отырып, білім мазмұнын қалыптастыруда еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің маңызына ерекше мән беріп келеді.

Жас ұрпаққа еңбексүйгіштік тәрбие берудің өзегі – ұлттық рухани құндылықтарымызды олардың бойына терең сіңіруде жатыр. Өйткені ұлттық тәрбие жүйесіне жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беруде ұлттық әдебіміз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз ерекше орын алады. Арнайы мектептердегі оқушыларды этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің негізінде осы мәселе жатыр. Мәселен, қазақ халқы күні бүгінге дейін ауылда жастарды бүкіл қауым, ел болып тәрбиелейді. Қазақ халқы «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», «Тауда туған баланың екі көзі таста болар, ашаршылықта туған баланың екі көзі аста болар», «Еріншек егіншіден ерінбеген масақшы озар», «Еңбекке үйренем десең, ерінбе, өнерге үйренем десең, жерінбе», «Еріншектің ертеңі бітпес»,

Еңбек етсең, емерсің, ерінбесең жеңерсің» сияқты еңбекқорлық туралы толып жатқан т.б. мақал-мәтелдерді бекер айтпаған. Осындай қағидамен (принциппен) жас ұрпаққа ауылдың үлкен-кішісі түгел тәрбие беріп келген. Жас ұрпаққа тағылымды тәлім-тәрбие берудің маңыздылығына байланысты болар, ұлтымыздың даңқты ұлы, батыр Бауыржан Момышұлы: «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы», «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», – деп соңына өсиет қалдырған.

Бүгінде отандық білім ошақтарында тәрбие мәселесі бірінші кезекке қойылып отыр. Осы ретте атап айта кететін маңызды бір мәселе – Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзіміздің қазақстандық білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, халықаралық стандарт пен білім берудің әлемдік үздік технологиясын оған жатырмай енгізуді үнемі айтумен қатар: «Басқаның тәжірибесін көзсіз көшірудің, халықаралық сарапшылардың бірі дөп басып айтқандай, біреудің дене мүшесін басқа біреуге салатын хирургиялық операция тәрізді екенін мықтап ұғынып алу керек, бөтен мүшенің басқа денеге қабыспайтын кездері жиі ұшырасатынын өздеріңіз де білесіздер. Мұндай мәселеде абай болған жөн, әуелі бәрін де мұқият екшеп алған абзал. Үкіметке бұл мәселені шетелдік тақылеттес тәжірибені ескеріп, терең зерделеуді, сөйтіп нақтылы ұсыныстар енгізуді тапсырамын» [2], – дейді. Елбасының бұл сөзінен жас ұрпаққа жат жұрттық тәрбие берудің аса залалды екенін пайымдаймыз.

Бүгінгі күнгі білім саясатының көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім беру, кәсіби біліктіліктің сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбиелік тәжірибелерді тиімді пайдалану, қазіргі қоғамның сұраныстары мен ұсыныстары арасындағы алшақтықтарды жою, білім беруді ізгілендіру, біріздендіру, білімдегі жаңашылдықты қолдау, саралау, бағалау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үзіліссіздікті қамтамасыз ете отырып, аталған бағыт-бағдарлардың барлығының қоғамдық қызметінің рөлін арттыру болып табылады.

Бұл орайда мына мәселені ескеруіміз қажет. Қазақ халқының әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтары мен дәстүрлері баланың азамат болып қалыптасуына, оның ізгілік, адамгершілік және еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытуда, тұтас алғанда жеке тұлғаны қалыптастыруда әрдайым маңызды рөл атқарған. Ұлттың ұрпағын әлеуметтендіруде тәлім-тәрбиенің бастауына бармай, яғни этнопедагогикалық негізге оралмай, жеке тұлғаны толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені халықтың ізгілік мұраттары негізінде алынған этнопедагогика ғылымының идеяларын бала тәрбиесінде өркендету үшін білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңғырту үдерісі ерекше мәнге ие болды.

Дегенмен арнайы мектепте оқитын мүмкіншілігі шектеулі балаларды еңбексүйгіштікке баулып тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан да арнайы мектептегі тәрбие жұмысының мазмұны оқушылардың жан-жақты тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытуға арнайы жағдайларды қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл тәрбие жұмысының келесідей бағыттарын қамтиды: адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі. Бұл ретте оларға адамгершілік тәрбие берудің маңызы зор. Арнайы мектеп өзінің тәрбиеленушілерін қоғамдағы

өміріне дайындау оның адамгершілікке тәрбиелеу маңызды орын алады. Оқушылардың тәрбиесі имандылыққа үйрету негізінде жүзеге асады. Имандылық бұл қоғамдық сана формаларының бірі, яғни белгілі бір қоғамда, онда әрекет ететін түрлі қатынастар негізінде қалыптасады. Нақты көзқарастар жүйесін және адам мінез-құлқына қатысты наным-сенімдерді ұсынады.

Мүмкіншілігі шектеулі балаларды еңбекке баулу және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мәселесіне әрбір кезеңде әртүрлі баға берілсе де еліміздің экономикасының дамуына орай, бұл мәселенің өзектілігі күн сайын арта түсуде.

Жас ұрпақты жастайынан еңбекке үйрету, еңбектің адам өміріндегі орны төңірегіндегі айтылатын ой-пікірлер XIX ғасырдың екінші жартысында Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, т.б. мұраларында нақты орын тапқан. Ұлтымыздың аталған тұлғаларының еңбектерінен жас ұрпақты еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығы туралы көптеген мысал табамыз. Мәселен, ұлы Абай «Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей» дей отырып, жас ұрпақты адамгершілік пен имандылыққа, мейірімділік пен қайырымдылыққа, қанағат пен рақымға, саналылық пен ізденімпаздыққа, еңбекқорлық пен өнерпаздыққа тәрбиелеу керек екенін бүкіл шығармашылығына арқау еткен.

Ұлы абыздың поэзиясы мен қара сөздерін ден қойып оқысақ, жастарды ғылым-білімге, еңбекке, қайрат-жігерге, сүйіспеншілікке, ұлттың асыл қасиеттерін қадірлеп-қастерлеуге, ар-ожданның биік болуына шақырған, жас ұрпақты жігерлендіріп, намысын оятатын, олардың бойына адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына түрткі болатын жыр жолдарын, ғибратты сөздерін молынан кездестіреміз. Бұл мәселелер М. Әуезовтің «Абай Құнанбаев» деген монографиясында жан-жақты талданып, терең зерттеліп-зерделеген [3].

Ойшыл ақын «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»,– деп келер ұрпаққа өсиетін айта отыра, үшінші қара сөзінде: «адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген тұжырым жасайды. Оның өмірлік тәжірибеден алынған мынадай тағы бір данышпандық сөзінде де жас ұрпақты еңбексүйгіштікке баулу туралы үлкен қорытынды ой жатқаны анық: «Әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ – мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ – ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан – арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [4; 148]. Ұлы абыздың осы секілді ғибратқа, тәлім-тәрбиеге толы өсиетті ой-толғамдары қазір қазақстандық әрбір білім ошағының тәлім-тәрбиелік тәжірибесінде басшылыққа алынып, өскелең ұрпақтың санасына сіңіріліп келеді.

Сонымен қатар бұл мәселеге қазіргі таңдағы зерттеулерде де маңызды орын берілген (К. Қожахметова [5], Р. Жаңабаева [6], К. Құнантаева [7], О. Сатқанов [8], Қ. Жарықбаев, С. Қалиев [9] т.б.).

Алайда, жоғарыдағы аталған ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерді талдау барысында, ұлттық педагогика идеялары негізінде балаларды еңбекке тәрбиелеу мәселесі осы кезге дейін де кең ауқымда сөз болып келгенімен, арнайы мектепте оқитын мүмкіншілігі шектеулі оқушыларды жеке тұлға ретінде рухани байлыққа жол бастайтын алғышарт – еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мәселесіне арнайы назар аударылмағаны аңғарылады.

Еліміздің «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпыадамзаттық құнды-

лықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жаңа заманға сай келетін бәсекеге қабілетті маман кадрлар дайындауға бағытталған. Онда барлық деңгейлік білім ошақтары халыққа білім беру және қазақстандық жас ұрпақты шығармашылық (еңбекқорлық), рухани жақтан жетілдіру мақсатында қалтқысыз қызмет етуі қажет делініп нақты көрсетілген.

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің 2007 жылы жарық көрген «Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда» деген еңбегінде: «XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан, біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүниежүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», – деген болатын [10; 53].

Қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиелеу дегеніміз, жас адам тұлғасын қалыптастыру үшін оған жоспарлы да мақсатты түрде әсер ету оның еңбекке деген бірлігі мен қабілетін дамыту, болашақ кәсіпті еркін таңдай білу. Бұл еңбексүйгіштікті қалыптастыру деген сөз. Ол үшін берік сенім, табиғат пен қоғам жайлы ғылым негіздерін терең біліп меңгермейінше еңбек ету мүмкін емес. Елдің бүгінгі күрделі мәселелері де, жарқын келешегі де ендігі уақытта елдің өркендеп дамуына қажетті сапалы білім алып, отандық дәстүрлі тәлім-тәрбие көрген жас маман-кадрларға байланысты екенін қазақстандық барлық азамат түсінугі тиіс деп те Елбасы үздіксіз айтып келеді. Ол осы маңызды мәселеге аса ден қоя отырып, еліміздің жас ұрпағына сапалы білім берумен қатар оларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің аса маңыздылығын айтып, оны еліміздің егемендігін нығайтудағы бірінші кезекті міндеттердің қатарына қояды. Сондықтан да, ол – тағы бір еңбегінде осы мәселеге қатысты былай дейді: «Мектеп жеке тұлғаның қалыптасатын жері. Ол – жеткіншектің тек қана одан арғы оқуына негіз болатын базалық білім мен машықтарды ғана беріп қоймайды, сонымен бірге өмірлік тәжірибенің де алғашқы тәжірибесін береді. Дәл осы жерде жеке тұлғаның қоғаммен арадағы қатынастарының, үлкендер мен құрдастарына деген құрметінің, заңды және құқықтық тәртіпті сақтаудың негіздері қаланады. Оқушы мемлекеттің міндетін түсінуге, оның әлеуметтік институттар арқылы өзінің жеке басына қатысты жоспарларын іске асыруға қолдау жасайтынын ұғынуға үйренеді» [11;363].

Білім беру мен тәрбие ісі қашанда егіз ұғым. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тіпті, дүниежүзі білімдар данышпандарының айтуынша, «тәрбие – білім берудің негізгі мазмұны» болып саналады. Сондықтан болар, ұлы бабамыз әл-Фараби кезінде: «Қоғам өмірінде маңызды рөл атқаратын білімді тек қана жақсы тәрбие алғандарға беру керек», - деген еді.

Оқу-тәрбие жолындағы жетекші рөл мектеп пен мұғалімнің құзырында. «Тәрбиедегі барлық істер тәрбиеші тұлғасына негізделуі тиіс, себебі тәрбие күші тұлғаның адамилық қадір-сапаларынан бастау алады». «Ешбір жарғы немесе бағдарлама, ешқандай жасанды мекеме организмі қаншалықты айламен құрылса да, тәрбие жұмысындағы тұлға беделінің орнын баса алмайды» [12; 6], - деген ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің пікірінде үлкен идея жатыр.

Әрбір жас ұрпақ ержетіп, бойжетіп, ертеңгі күні сан салалы еңбек майда-

нында өзінің алған біліміне сәйкес еңбек етіп, қызмет істеуі, өзін саяси тұрғыдан еркін сезінуі отандық білім беру жүйесімен етене байланысты екені анық. Көп жағдайда сапалы білім алып, дәстүрлі тәрбие көрген жас ұрпақтың өз Отанын саналы түрде сүйіп, өз елінің бай да даңқты тарихына, оның жарқын болашағына сеніммен қарап, оған өзінің де қатысы бар екенін мақтанышпен сезіне алатынын қазіргі уақыттың алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттерінің іс-тәжірибесі, өнегелі дәстүрі көрсетіп отыр. Сондықтан да бізге халқымыздың этнопедагогикалық ой-тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сол бойынша іс-қимыл жасап, еліміздің білім жүйесін әлемдік стандартқа сәйкес дамыту – ел жастарына, соның ішінде арнайы мектептерде оқитын мүмкіншілігі шектеулі оқушыларды еңбексүйгіштікке баулып тәлім-тәрбие беру ісінде маңызды орын алады.

Пайдананылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Білім, 2000;
- 2 Назарбаев Н.Ә. 2003 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, 5 сәуір 2003;
- 3 Құнантаева К.Қ. Жастарды еңбекке баулу. – Алматы: Рауан, 1998. - 120 б.;
- 4 Сатқанов О.С., Райымжанов Е. Еңбекке баулу методикасы. – Алматы. 1986. - 95 б.;
5. Сатқанов О.С. жалпы білім беретін қазақ мектептерінің бастауыш кластарында еңбекке үйретуде ұлттық қолөнерінің негіздерін жетілдіру: пед.ғыл.канд. дис. – Алматы, 1993. – 138 б.;
6. Жарықбаева Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық үрдісін дамыту

Д. САЗАНБАЕВА

Жекелеген психикалық процестерді дамыту бүкіл бастауыш мектеп шағын-да жүзеге асырылады. Балалар мектепке қабылдау процестері едәуір жетіліп келсе де (оларда көру мен есту қабілеті жоғары екені байқалады, олар түрлі формалар мен түстерді жақсы бағдарлайды), олардың оқу ісіндегі қабылдау формалары мен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Бірінші сынып оқушылары өздері қабылдайтын заттардың қасиеттері мен сапаларына жүйелі талдау жасай алмайды. Бұл жағдай арнайы жасалған тәжірибелерден айқын көрінеді. Мәселен, 1-сынып оқушылары қарап отырып салу үшін түрлі-түсті құмыра алды. Балалар оны тез қарап шығып, атын атады, содан соң оның өзіне онша көңіл аудармай, бірден оның суретін салуға ұмтылады. Олардың салған

суреттерінде құмыралардың көлемі де, формасы да, әр түрлі болып шықты, тіпті бір-бірінен едәуір айырмашылығы да болды, өйткені балалар форманың өзіне талдау жасамаған еді. Құмыраның түсін беру мәліметтері де ұқсас болды. Бірінші сынып оқушылары бұл түсті танып, атап та берді, бірақ оның нақты ерекшеліктері оларды қызықтырмады. Саралап қабылдауға кемшіліктер басқа тәжірибелерден де байқалады.

Баланың қабылдаған заттарын талдау және саралау мүмкіндіктері онда заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Бақылау деп аталатын бұл қызмет түрі мектептегі оқу процесі кезінде ерекше жедел қалыптасады. Сабақтардың үстінде оқушы қандай да бір пәннің және құралдың қабылдау міндеттерін алып, ал одан кейін өзі де кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау мақсатқа бағытталады.

Зейінді дамыту. Мектепке келген балалардың әлі мақсатқа бағытталған зейіні болмайды. Олар өздерінің зейінін негізінен өздеріне тікелей қызықтығымен, ашықтығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін нәрселерге аударды (ырықсыз зейін), мектеп жұмысының шарттары алғашқы күннен бастап баладан сол кезде оны қызықтырмауы да мүмкін пәндерді және мәліметтерді назардан тыс қалдырмауды талап етеді. Бала біртіндеп жай сырттай тартымды заттарға емес қажеттілерге зейінін бағыттап, оны дәйекті ұстауды үйренеді. 2, 3-сыныптарда көптеген оқушылар ырықты зейінді игереді, оны мұғалім түсіндірген немесе кітапта бар кез келген материалға көздей алады. Ырықты зейін, оны қандай да бір міндетке алдын-ала ойластырып бағыттай білу – бастауыш мектеп шағындағы маңызды жетістік ретінде айқын байқалады.

Бірінші сынып оқушыларының ырықты зейінін олар әлі өздерін-өздері алып жүрудің ішкі құралдарын игермегендіктен тұрақты болмайды. Сондықтан тәжірибелі мұғалім оқу ісінің сабақты бірін-бірі ауыстырып отыратын және балаларды шаршатпайтын әр алуан түрлерін (түрлі тәсілдермен ауызша есептеу, есептер шығару және нәтижелерді тексеру, жазбаша есептердің жаңа тәсілдерін түсіндіру, оларды орындап жаттығу және т.б.) қолданып отырады. 1, 2-сынып оқушыларының ақыл-ой әрекетінен гөрі сыртқы іс-әрекеттерді орындауда зейіні неғұрлым тұрақты. Бұл ерекшелікті ақыл-ой сабақтарын графикалық схемалар, суреттер, макеттер, аппликациялар жасаумен алмастыра отырып сабақтарда пайдалану абзал. Қарапайым, бірақ біркелкі сабақтарды орындауда бастауыш сынып оқушылары жұмыстың түрлері әдістері мен тәсілдерін қолдануды талап ететін неғұрлым күрделі тапсырмаларды шешу кезіндегіден көрі көбірек алаңдайды.

Зейінді дамыту, сондай-ақ оның көлемін кеңейтумен және зейінді іс-әрекеттің алуан түріне бөле білумен байланысты. Сондықтан оқу тапсырмаларын былайша қойған дұрыс: бала өз тапсырмасын орындай отырып, жолдастарының жұмысын қадағалауы керек және қадағалай алатындай етіп, мысалы, берілген мәліметті оқи отырып, оқушы басқа оқушылардың мінез-құлқын тексеріп отыруға міндетті. Қате жіберіп алған жағдайда ол жолдастарының теріс әсерін байқап, оны өзі түзетуге тырысады. Кейбір балалар сыныпта зейінін бөле алмайтындықтан «алаңғасар» болады: олар бір іспен айналысып отырып, басқаларын естен шығарады. Мұғалім оқу ісінің әр түрін балалар бір мезгілде бірнеше

іс-әрекетті бақылауды үйренетіндей (алғашында, әрине, біршама қарапайым), жалпы жанама жұмысқа даярланатындай етіп ұйымдастыру керек.

Есте сақтауды дамыту. Мектепке келген жеті жасар бала көбінесе сырттай ашық және эмоциялы оқиғаларды, суреттерді, әңгімелерді дәл есте сақтайды. Бірақ мектеп өмірі бастан-ақ балалардан материалдарды еркін есте сақтауды талап етеді. Оқушылар күн режимін, мінез-құлық ережелерін, үй тапсырмаларын арнайы есте сақтауы тиіс, ал одан кейін оларды өзінің мінез-құлқына басшылыққа ала білуі немесе, оларды сабақта еске түсіре білуі керек. Балалар ең мнемикалық міндеттерді ажырата алатын болады. Олардың біреуі материалды дәлме-дәл есте сақтауды, екінші оны тек өз сөзімен айтып шығуды қарастырады және т.б. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауының табыстылығы олардың мнемикалық міндеттердің сипатын түсінуіне, есте сақтау мен еске түсірудің тиісті әдіс-тәсілдерін меңгеруіне байланысты.

Ал алғашында балалар ең қарапайым тәсілдерді қолданады – материалды мағыналық бірліктері бойынша сәйкес келмейтін бөлшектерге бөлу кезінде оны, әдетте, бірнеше қайталау. Есте сақтау нәтижесін баланың өзінің тексеруі тану деңгейінде ғана болады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы тексті бір қарайды да таныс сияқты болып көрінгесін жаттап алдым деп ойлайды. Аздаған ғана балалар есте еркін сақтаудың тиімді әдістерін қолданады. Көпшілігі мектепте және үйде арнайы әрі ұзақ үйретуді керек етеді. Мұндай жұмыстың бір бағыты балалардың мағыналық жағынан есте сақтау әдістері қалыптастыруымен, екіншісі - уақытпен белгіленген еске түсіру тәсілдерін, есте сақтау нәтижелерін өзіндік тексеру тәсілдерін қалыптастыруымен байланысты.

I-ден III сыныпқа қарай оқушылардың көрнекі мәліметтерді есте сақтау тиімділігіне қарағанда сөзбен айту мәліметтеріне есте сақтауының тиімділігі тезірек өседі, бұл балаларда түсініп есте сақтау әдістерінің тез қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұл тәсілдер негізінен сөз құрылымы көмегімен бекітілетін елеулі қатынастарды талдаумен байланысты. Сонымен қатар оқыту процестері үшін көрнекі үлгілерді есте ұстау маңызды. Сондықтан ерікті және еріксіз есте сақтау әдістерін оқу материалының екі түріне – сөз жүзіндегі және көрнекі-логикалық ой үрдісін қалыптастыру керек.

Қиялды дамыту. Жүйелі оқу ісі балалардың қиялы сияқты маңызды психологиялық қабілетті дамытуға көмектеседі. Бастауыш мектеп оқушыларының мұғалімнен еститін және кітаптан оқитын мәліметтерінің көпшілігі картиналар мен кестелерді сөзбен бейнелеу түрінде болады. Оқушылар болмыс бейнелерін әрдайым есте жаңғыртып отыруы тиіс (әңгіме кейпкерлерінің мінез-құлқын, өткен оқиғаларды, ландшафтарды, кеңістікте геометриялық фигуралар қоюда және т.б.)

Бірінші сынып оқушылары көбінесе қандай да бір өтіп жатқан объектінің бастапқы және ақырғы жайын ғана елестетеді. 3-сынып оқушылары объектінің көптеген аралық жағдайларды тура тексте көрсетілгені сияқты да және сол іс-әрекеттің сипатына қарай жобалап та нәтижелі елестетіп және айтып бере алады. Балалар болмыс бейнелерін оларды тікелей сипаттамай-ақ немесе ерекше нақтыламай-ақ немесе жалпы схема-графикті басшылыққа алып отырып жаңғырта алады. Мысалы, оқушылар сабақтың басында тыңдаған әңгімелері бойынша үлкен шығарма жаза отырып шарты абстрактылы графикалық схема түрінде берілген математикалық есепті шеше алады.

Ойлауды дамыту. Бастауыш мектеп оқушыларының ойлауын дамытуда да екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда (ол шамамен 1, 2-сыныптағы оқытуға тура келеді) олардың ойлау әрекеті көбіне әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Оқу материалын талдау бұл жерде көрнекі әсер ету жоспарында басым болады. Оқушылар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларына, бейнелеулерге сүйенеді (мұндай талдауды кейде практикалық әсерлі немесе сезімді) деп атайды.

1, 2-сыныптың оқушылары кейде заттар мен жағдайларды олардың қандай да бір жеке сыртқы белгісі бойынша жиі бағалайды. Балалардың ой қорытулары көрнекі алғы шарттарға, қабылдау деректеріне сүйенеді. Қорытынды жасау логикалық дәлелдер негізінде емес, пісірілудің қабылдаған мәліметтерге тура қатынасы жолымен жүзеге асырылады. Мысалы, мектеп өмірінде қандай да бір фактілерді бақылап, балалар тиісті қорытындылар жасай алады: «Жазира өз гүлдерін суармап еді, олар құрап қалды, ал Тоғжан гүлдерді жиі суарған еді, олар жақсы өсіп тұр. Гүлдер құлпырып жақсы өсу үшін оларды жиі суару керек».

Бұл кезеңдегі балалар жасайтын жинақтау заттардың көзге түсетін белгілерінің күшті қысымымен болады. Бұл сатыда туындайтын жинақтаулардың көпшілігі заттар мен құбылыстардың бетінде жататын нақты қабылданған белгілер мен қасиеттерді қамтиді. Мысалы, септік жалғауларын жалғауды екінші сынып оқушылары біршама дұрыс қолданады.

Екінші кезеңнің аяғына қарай оқушылардың көпшілігі бұрынырақ жинақталған ұғымдары шеңберінде оларды ойша талдау мен құрастыру арқылы қорытынды жасайды.

Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың кісілік келбетін қалыптастыру тәжірибесі

Б. ТАҒАЕВ

Қазіргі таңда мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселесінде адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып жетілдіру бағытында ізденістер жүріп жатыр. Әдептілік мінездің бір тірегі – *кісілік*. «Үлкенге – әдеп, кішіге – ізет» деп, халық кісілікті жоғары бағалайды.

Ақын М. Мақатаев: «Ортадан да, кішіден де кішімін, ұлымын деп көрсетпеген қысымын», - деп кісілік келбетті сипаттайды. Ал Абай Құнанбаев: «Көп сөйлеп, созбайын, әдептен озбайын», «Қоқсықтарды мың жылдық, қопсытады мыңжылдық», - деп, яғни әдеппен сөйлеу, артық сөз айтпау, дөрекі сөздерді айтпау, қысқа да нұсқа сөз айту – әдептіліктің белгісі деп түсіндіреді. Әдептілік мінез әдепті іс-қимылда, бет-қимылдан да айқын көрінеді. Имандылық – әдептіліктің жарқын көрінісі. Иманды адам әдеппен сөйлеп, әдепті қимылдап, адам баласына тек жақсылық жасайды. Адам баласына тән ұлы қасиет – ұят. Өзінің

орынсыз ісіне ұялу адамға ғана тән. Бұл – адамшылықтың белгісі. Міне, осы ұяттың адам өміріндегі орнының ерекше екендігі жырда «Өлімнен ұят күшті» деген мақалмен жақсы берілген.

Жүсіп Баласағұн «білімді адамның бойында адамгершілік қасиеттер мол болуы тиіс. Яғни, адам бақытқа қол жеткізу үшін білімді, ақылды, адамгершілігі зор болуы тиіс. Жоғары адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыру басты рөл атқарады, соның негізінде ішкі және сыртқы дүниесі бір-біріне сай, рухани және дене әсемдігі өзара үйлескен жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге болады» дейді.

Адамдық келбет – жалпы адам бойындағы ес, ақыл, рухани әлемі, жан дүниесі туралы көзқарастар жүйесі. Кез келген қоғамдық ортада адамдардың таным-түсінігі, ойлау, талдау жүйесі, ес, ақыл, рухани жан дүниесі және тәлім-тәрбие алу деңгейіне қарай адамдарды есі – ақылы бүтін, рухани жан дүниесі таза және ақыл-есі кембағал, рухани жан дүниесі кінәратті деп үлкен екі топқа бөлінді. Рухани жан дүниесі бүтін, ақылды адамдар – жақсы-жаманды, дұрыс пен бұрысты, арам мен адалды, обал мен сауапты айқын айыра алатын, соған сай қарекет етіп, сын сағатта дұрыс шешім қабылдай алатын, кең пейіл, кешірімді, жанашыр, мейірімді, адал, ақкөңіл, әділетті, турашыл адамдар.

Кісілік келбет – адамгершілікке, имандылыққа, парасаттылыққа, іскерлік пен ізденімпаздыққа, білім-білікке саяды ғой, ал, болмыс – бүкіл жаратылысыңыз, бітім-бейнеңіз. Белгілі профессор, ғалымдар Ж.Р. Баширова мен Н.С. Әлқожаеваның «Иман – тәрбие негізі» атты еңбектерінде имандылық, адам баласының бойында шын мәнісіндегі сенім мен сезімді тәрбиелейді дейді. Сенім деген ұғымға бір жақты қарауға болмайды, ол тек құдайға, Аллаға сену дегенді білдірмейді, сонымен қатар ғылымға, білімге, болашаққа адамның бір-біріне сенуін де сөз етеді.

Ағартушы ғалым Ш. Уәлиханов «адамгершілік сезімді туғызатын әсемдік тегін болмыстан, сұлулық негізін табиғат жаратылысынан іздеп, адам мен табиғат арасындағы байланысты, үйлесімділікті сезіне білді және сол сезімді жасөспірім зердесіне құюға талпынды. Өйткені, халық шығармашылығының қай түрінде де табиғат құбылысының әсері болатыны анық. Халық табиғаттың әсем құбылыстарын жырға, күйге, ою-өрнекке түсіргенде, алдымен кәсіптік қажеттілігін ойластыра отырып, жарастық, әсемдік жағына да баса көңіл бөлген. Әсемдік адам тұрмысына қажетті құбылыс болумен қабат, асқақ сезім туғызатын рухани күш екендігі анық» деп дәлелдейді. Ы. Алтынсарин мынадай адамгершіліктің 7 түрлі жақсы қасиетін атап көрсетеді:

Бірінші: Имандылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниетпен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық.

Өмірдің мағынасы – ол адамның санасы мен тұлғалық келбетіне байланысты. Бұл мәселені «Өзін-өзі тану» сабағы арқылы іске асыра аламыз.

А.Г. Спиркин мынадай анықтама береді: «Өзін-өзі тану – бұл адамның өз

іс-әрекетін, ойларын, сезімін, адамгершілік бейнесін және қызығушылығын түсінуі мен бағалауы. Өзін-өзі тану тануды, түсінуді өз пәні ретінде қарастырады, демек, өзіне қарсы қояды. Сондай-ақ, тану өзін-өзі тануда бір сәт ретінде сақталады, ол өзінің жетістікке жету мәнінде көрінеді. Егер тану адамның басқаны білу, қоршаған ортада бағдарланудың шартты субъектісі болса, онда өзін-өзі тану адамның өз тұлғасында бағдарлануы, адамның өз-өзін білуі. Өзін-өзі тану арқылы адам өзін табиғаттан және басқа адамдардан бөлек тұлғалық шындық ретінде есептейді.

Ө. Табылды «Қазақ халқының қалыптасқан ұлттық мінездерінің тәрбиелік мәні зор» деп оны төмендегідей бірнеше топқа бөлген:

- *Ақкөңілділік* – адам баласына жақсылық ойлау дәстүрі;
- *Әдептілік* – ұлттық әдептің көркем көріністері;
- *Байсалдылық* – ақылға сеніп, сабырлы әрекет жасау белгісі;
- *Бауырмашылдық* – мейірімділік, қайырымдылық белгісі;
- *Даналық* – көргендік, көргенділік, ұлылық қасиеті;
- *Жомарттық* – кеңпейілділік, қайырымдылық;
- *Зиялылық* – біліктілік, ұлағаттылық, мәдениеттік белгісі;
- *Имандылық* – тақуалықты, пәктікті көрсететін әдеп;
- *Кісілік* – әдептілікті, ізеттілікті, салауаттылықты көрсету;
- *Кішіпейілділік* – әдептіліктің, имандылықтың көрінісі;
- *Қонақжайлылық* – қайырымдылық, мейірімділік, әдеп белгісі;
- *Мұсылмандық* – имандылық, тақуалық, әдептілік белгісі;
- *Парасаттылық* – инабаттылық, пайымдылық, мейір белгісі;
- *Сабырлылық* – байыптылық, ақыл – парасаттылық белгісі;
- *Салауаттылық* – адалдық, тазалық, сергектік белгісі;
- *Ұлтжандылық* – ұлттық сана, ұлттық намыс, ұлттық рух көріністері.

Өзін-өзі тану философиялық тұрғыда – бүкіл дүниені ойлау, оның шығу тегін білуге ұмтылу, адамның дүниедегі орнына үңілу, адамның ішкі дүниесінің сырын ашу, табиғат пен қоғамның негізгі заңдарын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындау, т.с.с. жүйе ретінде қарастырылады.

С.А. Назарбаева: «Өзін-өзі тану» курсы адамның өзін-өзі табуына, ең жақсы қасиеттерін ашуға, өзінің кейпін өзгертпеуге, адамгершілігін және әрқашан адам қалпын сақтауға көмектеседі. Негізінде, адамзат тарихының өзі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдірудің тұрақты және үздіксіз процесі болып табылады», - деген болатын. Адам өзін-өзі, өз қабілеттерін, өз тағдырын танып білмесе, ол тағдырдың ойыншығына айналады. Егер біз кім екеніміз, қайдан келгеніміз, бұл өмірге неге келгеніміз және қайда баратынымыз жайлы терең философиялық сұрақтар туралы ой толғай бастасақ – бұл өз білімсіздігімізді ұғынуымызға жасалған алғашқы қадам, яғни, дүниеге деген көзқарасыңды, өзінің ішкі «Меніңді» жақсы жағына өзгертуді білдіреді... Жаңа бағыттың басты мақсаты – адамға өзін-өзі табуға, өзінің жақсы сапаларын ашуға, сатқындық жасамау, ар-намысын сақтап, әрқашан адам қалпынан таймауға көмектесу. Біздің бақытымыз бен бақытсыздығымыздың, сәттілігіміз бен сәтсіздігіміздің себептері біздің өз ішімізде. «Өзін-өзі тану» адамға Жоғарғы Заңдар мен құндылықтарға сәйкес өзінің ішкі әлемін тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман – тәрбие негізі. – Алматы, 1997;
 2. Табылдиев Әдібай Мінез және тәрбие / Ә. Табылдиев. – Алматы: «Асыл кітап». 2013. - 87 б.;
 3. Абай. Жүректе қайрат болмаса. //Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1- том /Жалпы ред. басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: «Ғылым», 1977. - 454 б.;
 4. Алтынсарин Ы. Мұсылмандықтың тұтқасы. Шариат-ул ислам. /Дайынд. А. Сейдімбеков. – Алматы: «Қаламгер», 1991. - 79 б.;
 5. Спиркин А.Г. Философия: Учебник для технических вузов. – М.: «Гарда-рики», 2000. - 368 с.;
- Назарбаева С.А. Өзіндік таным, – Алматы, 2002.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арт- технологиялар арқылы дамыту

Г. ШАМШАДИН

Арт-технологиялар *арт-педагогика* және *арт-терапия* ұғымдарымен байланысты. *Арт-педагогика* – педагогика мен өнердің бірігуіне негізделген және өнер арқылы адамның білімі мен даму заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. *Арт-педагогика* педагогикалық іс-әрекеттің дәстүрлі принциптерімен байланыстыра отырып, тұлғаның шығармашылық қасиетін дамыту, потенциалын ашу. *Арт-педагогика* баланың өзін-өзі бағалауын және басқа да тұлғалық ерекшеліктерін ескеретін баланың шығармашылық іс-әрекеті болып табылады.

Т.К. Донскойдың «Арт-педагогика в современной образовательной парадигме» атты мақаласында арт-педагогиканың спецификасы, оның қазіргі заманғы білім берушілік парадигма құрылымындағы ерекшеліктері сипатталады. *Арт-педагогика* педагогикалық іс-әрекеттің дәстүрлі принциптерімен байланысын атап көрсете отырып, автор тұлғаның шығармашылық қасиетін дамытуға және потенциалын ашуға тигізетін әсерін негіздейді.

Н.Ю. Сергееваның «Арт-педагогика как ресурс гуманитаризации непрерывного образования» атты мақаласында қоғамның қазіргі даму кезеңінде үздіксіз білім беру алаңында өнер мен көркем шығармашылыққа бет бұрудың өзектілігі қысқаша негізделіп, «адам-адам» жүйесінде жұмыс істейтін мамандардың кәсіби тәжірибесінен әртүрлі үлгілер келтіріліп, олардың арт-педагогикалық құралдарды өз қызметтерінде қолдану жолдары мен тәсілдері сипатталған.

Арт-педагогика – адамды тәрбиелеу мен даму заңдылықтарын өнер құралдарымен зерттейтін педагогикалық ғылымның дербес саласы. Оның педагогикамен мақсаты бірдей – балаға өзін түсінуді үйренуіне және басқа адамдар

мен бірге өмір сүруге, қоршаған ортаны тануға көмектесу, басқаша айтқанда, дамып келе жатқан тұлғаның әлеуметтенуі мен өзін-өзі танытуға көмек беру. Арт-педагогиканың ерекшелігі дамыту және тәрбиелеу әлеуетіне ие өнер құралдарын пайдалануда көрінеді. «Арт-педагогика» әлі де педагогикалық ортада белгілі емес, бірақ оқыту, тәрбиелеу, білім беру саласында педагогикалық әдістер мен тәсілдерді тиімді қолдана білу. *Арт-педагогика* – білім беру аясында ғана емес көркем тәрбие, түзету-дамыту жұмыстары барысында да қолданылатын процесс.

О.М. Корженко, Е.А. Заргарьян арт-педагогика педагогикалық іс-әрекеттің негізгі салаларының бірі деп қарастыра отырып, төмендегідей бағыттарын ұсынды:

- өнер педагогикасының құралдарын пайдалану (оқыту пәндерінде, сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда, оқушылардың рухани, интеллектуалды қабілетін дамытуда және т.б.);

- ішкі сезіну, білім, білік және дағдыларын қалыптастыру;

- оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамытуда тәрбиелеуге басымдық беру.

Арт-педагогикалық технологиялар негізі:

- *тұлғалық-бағдарланған* (білім беру процесі субъектілерінің жас ерекшеліктері мен психологиялық мүмкіндіктері және қажеттіліктерін ескере отырып);

- *аксиологиялық* (құндылық-семантикалық өзін-өзі басқару технологиясы), антропологиялық (жеке тұлғаның дамуындағы тұтастық пен оның бөліктерінің үйлесімді қатынасын ескере отырып);

- *контекстік* (көріністі қамтиды) білім беру процесіне ересек қатысушылардың баланың қажеттіліктерін сауатты түсіндіре алу қабілеті);

- *полиартистік* (қолдануды қарастырады).

Арт-педагогиканың негізгі белгілері *тұлғалық, шығармашылық және дарындылық* болып табылады. Арт-педагогика тек көркемөнерлік мәдениетті дамытып, көркемөнерлік іс-әрекеттің әр түрінде қолданбалы шеберліктерді табысты игеру жолдарын табуға ғана қойылмайды, сонымен бірге, ішкі өзіндік тәжірибе, өзіндік эмоциялық бастан кешіру, шығармашылық процеске тікелей қатысу арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарға ортақтасуды мақсат етеді. Арт-педагогикалық жұмыс бағыттарына тоқталсақ: *Тәрбие* (баланың қоғамға, табиғатқа деген қарым-қатынасын қалыптастыру); *дамыту* (креативтілік, танымдық, мотивациялық, эмоциялық-құндылықтарының дамуы); *Оқыту* (оқу материалын түсіндіру, оны эмоциялармен, құндылықтармен, тұлғалық қасиеттермен толықтыру); *арт-білім* және т.б.

«Арт-терапия» – термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапия өнерге негізделген, өзіндік шығармашылық өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі. *Арт-терапия* – бұл адамның шығармашылық потенциалын ашумен және өзінің ішкі әлемін танумен байланысты әдіс. *Арт-терапия* – бұл өнерге, ең алдымен бейнелеу және шығармашылық іс-әрекетке негізделген психотерапияның мамандандырылған түрі. Шығармашылық үрдіс басты терапиялық механизм болып табылады, ол айрықша символикалық түрде шиеленіскен жарақаттаушы жағдаяттардан шығуға, оның ше-

шімін табуға мүмкіндік береді. Сурет, ертегі, ойындар арқылы арт-терапия ішкі шиеленістерден және күшті эмоциялардан шығуға, өз сезімдері мен толғаныстарын ұғынуға көмектеседі, өзіндік бағалаудың артуына, босаңсуға, еркінсуге және күштенулерді, қысымды түсіруге мүмкіндік жасайды, шығармашылық қабілеттердің дамуына да игі ықпалын тигізеді. *Арт-терапия* – адамның шығармашылық потенциясын негізге ала отырып оның психологиялық ерекшеліктеріне әсер ететін терапиялық құрал.

М. Либманнның айтуынша, арт-терапия – тұлғаның сезімдерін, психикасын, дүниетаным құрылысын өзгерту мақсатында шығармашылық құралдарды қолдану. Шығармашылық құралдарға музыка, кескіндеме, шығармашылық туындылар, театр және т.с.с. жатады. Шығыс даналығы бойынша «сурет мың сөзбен жеткізе алмайтынды жеткізеді» дейді. В.С.Мухина және басқа да зерттеушілердің айтуынша сурет бала үшін өнер емес, сөйлеу болып табылады. Суреттің әрбір сызығының, әрбір түсінің өзіндік сипаты, өзіндік көңіл-күйі бар. Олардың көмегімен бала өзінің ішкі әлемінде болып жатқан барлық дүниені жеткізеді. Белгілі ғалым Т. Колошин арт-терапияның келесі функцияларын ұсынды:

- *диагностикалық*: сурет-ерекше құжат және өте көп автор туралы ақпарат алуға болады. Сурет арқылы адамның көңіл-күйі жағдайын, ойы мен мақсатын да анықтауға болады;

- *терапиялық*: өнер арқылы емдеу;

- *гуманистік*: рухани-адамгершілік қабілетін дамыту (махаббат, сүйіспеншілік, қуаныш, үйлесімділік және т.б.).

Арт-терапияның бағыттары *музыка терапиясы, би терапиясы, драматерапия, маскатерапия, этнотерапия, ойын терапиясы, фототерапия, изотерапия, видеотерапия, құм терапиясы, оригами, қуыршақ терапиясы* және т.б. түрлерін бастауыш сынып оқушыларын оқытуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта пайдаланудың маңызы ерекше. Арт-терапия баланың эмоционалдық мінез-құлық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін дамытады. Бала сурет сала отырып, қуанышқа, өзара түсіністікке, табыстарға толы ғажайып ертегі әлеміне енеді. Бұл мәселе жөнінде арт-терапияны зерттеуші ғалымдар дәлелдеген болатын. Бұл мәселені тереңірек төмендегі кестеде берілген ғалымдардың ғылыми еңбектерінен біле аласыздар.

№	Авторы	Оқулық атауы	Арт-терапия ұғымына анықтамасы
1	Дуганова Л.П.	Искусство как среда воспитания (аксиологический аспект) - Мәскеу, 2011.	Арт-терапия - «Өнер арқылы тәрбиелеу». XX ғ. Э. Сурноның айтуынша, өнер оңалтудың маңызды құралы, ол баланы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуімен қатар, оның ойлау, елестету, көңіл-күй және сезімдерін де қалыптастыруға әсер етеді.

2	Копытина А.И.	Практикум по арттерапии Санкт-Петербург, 2000	Арт-терапия ғылымы – бейнелеу өнері және де көркем шығармашылық құралдарымен емдеу және оңалту.
3	Рыбакова С.Г.	Арт-терапия для детей с ЗПР Санкт-Петербург, 2007	Арт-терапия – бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді.
4	Кулганов В. А., Киселева М. В.	Арт-терапия в психологическом консультировании Санкт-Петербург, 2012	Арт-терапия – мақсатты оқытуға емес, көркемдік іс-әрекеттің қандай да бір түріне (музыкалық, бейнелеу, театралды ойын, көркем сөйлеу) дағдылар мен ептіліктерді меңгерту.
5	Лебедева Л. Д.	Практика арт-терапии: подходы, диагностика, система занятий. – СПб.: Речь, 2003.	- Л.Д. Лебедеваның айтуынша, бүгінгі күнгі арт-терапия ұғымы бірнеше мағынаға ие: - емдеу мен коррекцияда қолданылатын әр түрлі өнер кешені; - арттерапевттік әдістер кешені; - психо-терапевттік және психокоррекциялық тәжірибе бағыты.
6	Киселева М.В.	Арт-терапия в работе с детьми. – СПб.: «Речь», 2007	Арт-терапия – «өнер терапиясы» - өнердің түрлі нысандары мен түрлері арқылы тұлға психикасының саналық және бейсаналық аспектілерін дамуы және өзгеруіне әсер ететін әдіс.

Арт-педагогика – педагогика мен өнердің бірігуіне негізделген және өнер арқылы адамның білімі мен даму заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. Көркемдік педагогика теория мен практиканың дамуымен айналысады, адамдардың көркемдік даму процесінің теориясы мен практикасының дамуын қамтамасыз етеді, өнер мен көркемдік-шығармашылық іс-әрекет арқылы тұлға мәдениетінің негізін құрайды. Кэроул Уэлсби «Қазіргі заманғы артпедагогиканың дамуы негізінде тигізетін әсері көркем шығармашылықпен тығыз байланысты экспрессиялы, коммуникациялы, символдық мәні бар арт-терапия жатыр» деп түсіндіреді.

Қорытындылай келе арт-педагогика келесі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді: агрессивті көңіл-күйден және негативті әсер етуші сезімдер-

ден босаңсуға жол ашады. Суретпен, картинамен, мүсінмен жұмыс жасай біледі, шығармашылық шабыты ашылады, еңбек етуге үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасен Г.А., Мукашева А.Б., Мадалиева З.Б., Сеилханова М.Е. Развитие арт-педагогических и арт-терапевтических школ: мировой опыт: Монография – Алматы: Қазақ университеті, 2016, – 82 с.
2. Садвакасова З.М. Технологии в работе с детьми девиантного поведения. Арт-педагогический аспект. Монография. – Алматы, 2015. – 180 с.
3. Қасен Г.А. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы/ Г.А. Қасен, Ұ.Б. Төлешова, А. Б. Мукашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 88 б.

Бала қорқынышы жайлы бірер сөз

Б. АЙТБАНОВА

Баладағы психологиялық қорқыныш ерте балалық шақтан бастау алады. Осындай үрей арасында: күтпеген қорқыныш, кедергіден бұрынғы қорқыныш, үлкеннің тарапынан болған қорқыныш түрі болады. Әңгіме тек жазалау туралы ғана емес, қатал сөз, айғай да кіреді. Бала өз үйінде не болатынын алдын ала біле алмаса – қолдау немесе қуғын-сүргінге ұшырамаған сәтте күтпеген қорқынышқа тап болады. Ондай бала мазасыз, ашуланшақ, күйгелек болады. Қорқыныштан жүрегі жараланғыш, өкпелегіш те болып келеді.

Ата-ана өзіне: «Талап тым қатты емес пе?» деген сұрақ қою керек. Бала жазаның қандай дәрежеде екенін түсіну керек. Шын мәнінде баланың өзі кінәлі екенін білгені дұрыс. Бала кінәлі болған күнде де өте қатты жазалаудың қажеті шамалы. Тәрбие жеңісі – нұсқаулықта, тұрақты диалогта. Баланың кездейсоқ қателіктері мен сәтсіздіктерін айнытпай бетіне басып, үнемі айта беруге мүлде болмайды.

Көбіне-көп ата-анаға байланысты болып келеді. Үйдегі бала мен қыздың жетістіктерін қолдап, мақтап, марапаттап, үнемі қолдау көрсетіп отырған қажет. Оның сәтсіздіктеріне аса мән бермеген абзал. Қайта білмеген тұстарын жақсы жаққа бағыттап, үйретіп, жол сілтеп отыру керек. Бала өз қателігін өмірдің соңы деп түсінбеу керек, әлі де тіршілік жалғасуда деген түсінік қалыптасқан жөн. Егер қолдау көрсетпесек, бала өмірде өзін сенімсіз сезінеді. Баланың сенімін күшейтіп, үрейін сейілту үшін ойын түрінде баламен жұмыс жасау керек. Мәселен, ол әдістемелік құралдар, оқулықтар немесе карточкалар мен альбомдар болуы мүмкін. Психолог маманның кеңесіне жүгініп, әңгімелесу мен тренингке де қатысқан абзал. Бұл балаға деген махаббаттың, құрметтің белгісі болмақ. Балаға осындай үреймен күрес кезінде көмек беру ата-ананың борышы.

«Біздің түсінік әрқилы» деген әңгімеге нүкте қою керек. Себебі, бала тәрбиесі жолында барлық ата-анаға тәрбие-тәлім деген терминдер ортақ болып табылады.

«Баланы жастан» деген қағида бар. Баланың жастайынан қалыптасқан үрейін сейілтіп, оның өмірге деген шынайы сүйіспеншілігін арттыру ата-ана үшін міндет. Ата-ана баласы үшін барлық қиындыққа төзе біліп, өзінің теріс эмоциясын балаға көрсетпегені абзал. Баланың жасынан пайда болған үрейі оның болашақтағы өміріне айтарлықтай әсерін тигізеді. Бала өссе де, ересек болса да, сол балалық үреймен жүреді. Жалтақ, үркек, өз ойын айта алмайтын болады.

«Тәрбие отбасынан басталады» деген. Бала отбасында не көреді, соны өмір бойы тәжірибесінде пайдаланады. Өзі де ата-ана болғанда баласына да сол тәрбиені береді. Үрей мен қорқыныш билеген отбасында береке де қуаныш та, шаттық та болмайды.

Бала өсе келе өз ортасында ойын айтпай, жабық болып өседі. Ондай ұяң да жабық баланы көп жерде басыну, бөлу деген жиі кездеседі.

Сонымен, ата-ана! Егер балаңыз өмірде өз дегеніне жетіп, мақсатын жүзеге асырып өссін десеңіз, балаға өте мұқият қараңыз. Бала – сіздің өміріңіздің жалғасы. Қазақта: «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген даналық бар. Егер өміріңіз мәнді, маңызды болсын десеңіз ұрпағымыздың тәлім-тәрбиесіне көңіл бөліңіз. Ретсіз ұрыспаңыз, қол көтермеңіз, жанына ауыр тиетін сөздер, жанын жаралайтын әңгіме айтпаңыз. Тек қолдау көрсете біліңіз. Себебі, бала – сіздің айнаңыз. Ол – сіздің болашағыңыз.

Айналаңызға көз салыңыз. Баланың қадірін біліңіз. Бала – сіздің бақытыңыз. Бала – сіздің жалғасыңыз. Балаға бар махаббатыңызды беріп, мейірімді болыңыз.

Сіз балаға не көрсетсеңіз, бала соны ертең қайталайды. Опық жеп қалмаңыз. Күйбең тіршіліктің кесірінен балаңызды жоғалтып алмаңыз. Баланы бақытты ету арқылы өзіңіз де бақытты бола біліңіз.

Оқушыларды тестілеуге тиімді дайындау ұсыныстары

Б. СИХОВА

Мақсаты: ҰБТ-ға әзірлік уақытында түлектердің өздерін ұстау, әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру, өздік бақылауды өз-өздеріне сенімділікті арттыру, жүктемені көтере білуге машықтандыру. ҰБТ-ға деген жағымсыз ойлардан, қорқыныш, үрей секілді ахуалдардан арылуға және топтың өзара татулығын күшейту, жағымды эмоциялық көңіл-күй тудыруға жағдай жасау. Психологиялық тренинг жаттығулар арқылы көңіл-күйін көтеру.

Міндеттері: стресті жеңуге жол көрсету, оқушыларға емтиханды сенімді тапсыруға көмектесу.

Барысы: Құрметті, оқушылар, бүгін біздің сыныбымызда «Сенім – менің серігім» тақырыбында психологиялық тренинг-сабақ. Жас түлектер, өздеріңіз білесіздер, оқу жылы басталғалы ҰБТ-ға дайындаламыз, бірақ та ҰБТ жақындағанда әрқайсымызда тебіреніс, қобалжу, қорқыныш сезімдер кездеседі. Де-

генмен де бүгінгі тренинг-сабақты ҰБТ алдында психологиялық көңіл-күй сыйлау, сіздерді қолдау, қиындықты жеңе білуге топ болып жұптана жұмыс жасау мақсатында өткізгелі тұрамыз.

Оқушылар ҰБТ-ға дайындық кезінде қобалжуды болдырмау үшін мыналарды естен шығармау қажет:

- Уақытты тиімді пайдалану;
- Жаттығып үйрену;
- Сәттілікке сенімді болу;
- Сабырлы болу;
- Жылдамдық пен мұқияттылыққа үйрену.

Тренинг: «Келіңіз, көңіл сергісін!» Бәріміз ортаға шығып дөңгеленіп тұрайық. (Музыка ойнап тұрады) Қазір мына допты шеңбер бойымен, әрі сіздің қолыңыздың көмегімен жылжытып бір-бірімізді жігерлендіріп бір-бір сөзден айтамыз.

«Тәтті сыйлық» (Түлектерге тілек) ҰБТ-дан қорықпа, Тек алға, Сабырлы бол, сен әдемісің, «Тәтті сыйлық» (Түлектерге тілек) ҰБТ-дан ойдағыдай өтуіңе тілектеспіз. Сенің бойыңда болашаққа деген нық сенім бар. Біз сенің мүмкіндігіңе әрқашан сенеміз, ақ жол тілейміз. Сенің қолыңнан бәрі-бәрі келеді. Өміріңнің мәні алдағы күндерде. Олай болса сәттілік сенің жағыңда болсын! Сен үшін ҰБТ-дан өту қиын емес. Сенің бойыңда болашаққа деген нық сенім бар. Сен әрдайым биіктен көрінесің! Сен өте қабілетті жансың. Ең жоғары ұпай жина. Сынықтан сүрінбей өтуіңе тілектеспіз! ҰБТ-дан сүрінбей өт! Біз саған сенеміз. Сенің ерік-жігерің, ынтаң өте күшті, ол саған жоғары ұпай жинауыңа көмектеседі. ҰБТ-ның ұпайын өзің бағындыр! Ең жоғары ұпай жина! Тек қана алға. т.б. (Сөз айтылған сайын шапалақтаймыз)

Бой жазу:

1. Екі қарындаш немесе фломастер және бір парақ қағаз алыңдар;
2. Бір уақытта екі қолмен де сурет салып көріңіздер. Екі қолмен де бір уақытта бастап, бір уақытта аяқтаңыздар. Шеңбер мейлінше бір қалыпты дөңгелек, ал үшбұрыштың бұрыштары сүйір болсын;
3. Ал енді 1 минутта мейлінше көп шеңберлер мен үшбұрыштар салыңдар.

Келесі: «Өз болашағын елестету».

Мақсаты: оқушылардың болашаққа деген талпынысын бағдарлау.

Нұсқау: Көздерімізді жұмамыз. Іштей 1 минут 1 жыл аралығындағы болашақтағыңызды көз алдарыңызға елестетіңіздер. Одан кейін 5 жыл,

10 жылдық болашақтағыңызды елестетіңіздер. (Тренинг барысында баяу, жағымды көңіл-күй сыйлайтын әуен қосылып тұру керек). Уақыт аяқталғаннан кейін, көздеріңізді ашып, өздеріңіз қалауыңыз бойынша болашақтағыңыздың бейнесін суреттеңіз немесе жазыңыз.

«Өмірдің мәні неде?» бейнеролик көрсетіледі.

Сол күйінде геометриялық фигуралар таратылады. Таңдаған фигура бойынша сіздердің көңіл-күйлеріңіз анықталады.

Рефлексия:

Тренингте не ұнады?

Саған тиімді болғаны?

Жүректен-жүрекке (Бүгінгі тренингтің өту барысында алған әсерлеріңізді) жүрекшелерге жазып, оқып, жапсыру.

Күн сайын биіктеген әр сатымыз,
Біздің бір тілегіміз мақсатымыз –
Әрдайым ашық болсын аспанымыз,
Біліммен шыға берсін жақсы атымыз.

Қорытынды.

Психолог: Құрметті, мектеп түлектері! Алдарыңда үлкен сын, намысты дода сол сынға әрқашан сеніммен барыңдар. Бақытты ғұмыр болмайды, ол бақытты секунд, бақытты минут, бақытты сәттерден тұрады, біз сол бақытты сәтті сезіне білу арқылы бақытты боламыз. Бір-бірінің қолдарыңды ұстап жоғары көтеріңдер, біркелкі бір дауыспен «Біз тестілеуге сеніммен барамыз!» деп айқайлаңыздар. Сендерге сәттілік тілеймін!

Оқушыларға арналған психологиялық топтық тренинг

А. АБДРАХМАН

Мақсаты: балаларды мейірімділікке, достыққа, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие беру арқылы сұлулықты сезіне білуге баулу, әдеби сөздік қорын молайту, дүниетанымдарын кеңейту.

Көрнекіліктер: жіп, айна, жүрек суреті, қалам, қағаз.

Түрі: топтық тренинг.

Барысы:

I. Шаттық шеңбері.

- Балалар, бүгін сендермен әсем, жарық, кең, таза бөлмеде кездескеніме өте қуаныштымын.

- Қане, балалар, шаттық шеңберін құрамыз. Шеңберге тұрудың өзінің үлкен ерекшелігі бар. Шеңберде бір-біріміздің жүзімізді анық, еркін көреміз, қуанамыз, шаттанамыз.

Шеңбер неге ұқсайды? Допқа, күнге, апельсинге, алмаға, қарбызға. Доппен ойнасақ көңіліміз көтеріледі, күн жарық, жылу сыйлайды, апельсин, алма, қарбыз тәтті.

Мейірімді жүрекпен,

Ақпейілді тілекпен

Амандасып алайық,

Бір жадырап қалайық!

II. «Мейірім шуағы» ойыны.

- Балалар, қараңдаршы, күн-ана өзінің мейірім шуағын төгіп, біздің

жан-дүниемізге жарық сәулесін шашып тұр. Күн сәулесі біздің бетімізге, саусақтарымызға, алақанымызға мейірім шуағын төкті. Енді осы жүрек жылуымызды бір-бірімізге сыйлайық. Енді балалар, «Мейірім шуағы» атты ойын ойнап көрейік. Аналарың сендерді қалай еркелеткенін қалайсыңдар?

- Сен кімсің?

- Мен Айарумын. Мені анам «Ботам» дейді.

- Мен Арафатпын. Мені анам «Құлыным» дейді. Ойын осылай жалғасу арқылы шеңбер бойында күн бейнеленеді.

III. Суретті тест.

1. Адам күлгенде, жымиғанда ол күнге ұқсайды, ал ашуланғанда ренжігенде бұлтқа ұқсайды. Сенің мұғалімің күнге ұқсай ма, әлде бұлтқа ұқсай ма? Егер күнге ұқсаса күннің, ал бұлтқа ұқсаса бұлттың суретін салыңдар.

2. Ертегілердегі айтылатын күн астындағы Күнекей қыз өте мейірімді одан жылылық шашылып тұрады, ал Қарлы Ханшайым өте әдемі және қатаң одан салқын жел соғып тұрады. Сенің мұғалімің күн астындағы Күнекей қыз ба, әлде Қарлы Ханшайым ба? Егер мұғалімің күн астындағы Күнекей қыз болса гүлдің суретін, егер Қарлы Ханшайым болса шыршаның суретін салыңдар.

3. Мамамыз қасымызда болғанда бізді құшақтайды, еркелетеді. Сенің мұғалімің еркелете ме, құшақтай ма? Егер солай болса гүлдің суретін, олай болмаса шыршаның суретін салыңдар.

IV. «Мен қандаймын» жаттығуы.

Әр оқушыға айна таратылып беріледі. Айнаға қарап сұрақтарға жауап береді.

1. Спорттың қай түрін жақсы көресің?

2. Бүгін қандай баға алдың?

3. Шашыңның түрі қандай?

4. Қандай түсті ұнатасың?

5. Көзіңнің түсі қандай?

6. Саған қандай адамдар көбірек ұнайды?

7. Сенің жымып күлгенің өзіңе ұнай ма?

V. «Жан жүрек сыры» жаттығуы.

Мына үлкен ақ жүрекке назар аударыңыздар. Ол тірі емес, дүрсіл-демейді. Біз қазір оған жан береміз. Оқушыларға кішкентай жүректер таратылып, оған жылы, мейірімді сөздер жазулары сұралады. Жансыз жүректі жандандыруымыз керек.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБДРАХМАН Айна – №56 қазақ орта мектебінің педагог-психологы. Жаңақорған ауданы, Қызылорда облысы.

АЙТБАНОВА Баян Калмаханбетовна – Ақыл-ойы дамуында кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының педагог-психологы. Тараз қаласы, Жамбыл облысы.

АУВАКИР Б. – Абай атындағы Қазақ ҰПУ мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының жетекшісі, п.ғ.м., аға оқытушы. Алматы қаласы.

ӘЖІБАЕВА Айгерім Есіркепқызы – №159 «Еңбекші» қазақ орта мектебінің өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Еңбекші ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

ЖАКУПОВА Эльмира Байжұмақызы – МҚК «Қуат» балабақшасының әдіскері. Өтеген батыр ауылы, Іле ауданы, Алматы облысы.

ЖОЛДЫБАЕВА Гауһар Мұрақызы – Арнайы мектеп-интернатының дефектолог-логопеді. Форт-Шевченко қаласы, Түпқараған ауданы, Маңғыстау облысы.

ИСМАЙЛОВА Мадина Абубакировна – №24 лицейдің өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Іле ауданы, Алматы облысы.

КАБАКОВА Майра Победовна – канд. психол. наук, доцент, и.о. профессора КазНУ им. аль-Фараби г. Алматы.

КАЗАХОВА Гаухар – №60 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Ақтөбе қаласы.

ҚЫЯҚБАЕВА Ұ. – Абай атындағы Қазақ ҰПУ мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының жетекшісі, п.ғ.к., профессор. Алматы қаласы.

РАХМАНБЕРГЕН Айбосын Алданазарұлы – Абай атындағы №90 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі. Абай ауылы, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

САЗАНБАЕВА Динара Карияновна – Б. Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі. Медеу ауданы, Алматы қаласы.

СИХОВА Бибигул Усербаевна – Ш. Жексенбаев атындағы ЖОББМБК-нің мектеп психологы. Бөкей ордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ТАҒАЕВ Бекмұрат Жүргенбайұлы – С. Сейфуллин атындағы жалпы орта мектеп КММ әлеуметтік педагогы және өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Аққұм ауылы, Отырар ауданы, Түркістан облысы.

ШАМШАДИН Гүлсім Қыразымқызы – №170 орта мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі оқу ісі орынбасары. Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.